Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 25 (1080)

01.07.2022

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat
alatau_gazeti

ПРЕСС-ТУР

ҰМЫТЫЛМАС САПАР

немесе Бұрқан Бұлаққа бардыңыз ба?

БҰРҚАН БҰЛАҚ САРҚЫРАМАСЫ. АТАУЫН САН РЕТ ЕСТІГЕНМЕН БҰЛ ЖЕРГЕ БАРУДЫҢ ЖОЛЫ ТҮСПЕГЕН-ТІН. САРҚЫРАМАНЫ КӨРІП, КӨЗАЙЫМ БОЛҒАНДАР ОНЫҢ КЕРЕМЕТТІГІН ҚҰДДЫ БІР ЕРТЕГІГЕ БАЛАП СИПАТТАҒАНДА, «ШІРКІН, БІР БАРЫП КӨРСЕ ҒОЙ» ДЕУШІ ЕДІК. ЖУРНАЛИСТЕРДІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА «ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ» КММ АРНАЙЫ ПРЕСС-ТУР ҰЙЫМДАСТЫРЫП, СОЛ АРМАН ОЙДА ЖОҚТА ОРЫНДАЛДЫ.

АЛ сарқырамаға жету жолы «соқпақты-соқтықпалы». Тау аңғарындағы бұл керемете жәй автокөлікпен жетіп бару мүмкін емес. Қылқан жапырақты самырсынды қалың орманды түре бойлай отырып, үшкір тасты сүрлеу жолмен келетін машина алты сағаттық жолды артқа тастап, діттеген жеріне жеткізеді. Әу баста-ақ осылай жаратылған табиғаттың көрінісін сол қалпында тамашалап, Бұрқан бұлаққа «уh» деп жеткен кезінде, сонша машақатпен келген жолды әп-сәтте-ақ ұмытып сала бересің. Осы бір таңғажайыпты көру үшін алты сағат қана емес, тұтас бір күн бойы жолда титықтаудың өзі еш өкініш емес екендігін де түсінесің. Кереметтігі сонша, айнала жәннаттың миуа бағындай жайнап тұр.

Қазақ энциклопедиясында: *«Бұрқан – Іле өзені алабында. Ұзындығы 50 км, су жиналатын алқабы 255 шаршы шақырым. Жоңғар Алатауындағы Тышқан жотасының оңтүстік беткейінен басталып, Жаркент қаласының тұсында Өсек өзеніне құяды. Арнасы тау арасында тар, жағасы тік жар болып келеді. Жауын-шашын, жер асты суымен қоректенеді»,* – делінсе, өзге мәліметтерде *Бұрқан бұлақ Жетісудағы, тіпті Орталық Азиядағы ең үлкен сарқырама саналады. Қора өзенінің сайында, теңіз деңгейінен 2000 метр биіктікте орналасқан. Оның үш сатысының биіктігі – 112 метрге, ең биік тұсы 120 метрге жетеді. Тонналаған мұзды су төменге бұрқырай құлап, айналаны шашыранды сумен жуып өтеді. Жап-жасыл мүкке оранған қызғылт түсті тастардың аясында мөп-мөлдір су тамшылары күн көзіне шағылысып, түрлі-түсті кемпірқосақты толықтырып отырады. Су қатты ағынмен баспалдақтар мен кемерлерді жасырып, төменге құлдилайды. Текелі қаласынан 55 шақырым жердегі Қора өзенінің шатқалындағы Бұрқан бұлақтың бірегей күкіртті-сутегі тұмасы емдік қасиеттерімен де танымал.*

ОСЫНДАЙ керемет жерге табан тіреп, тұмса табиғатты тамашалаудың орайын келтірген «Қоғамдық келісім» КММ директоры Серік Бимұханбетов бастап барған жандарға журналистер қауымы өздерінің шынайы ықпластарын да білдірісіп жатты. Жәннаттың миуа бағындай жайнап тұрған жерде «Неміс үйі» қоғамдық бірлестігінің ағаштан жасалған шатырлы үйлері бой көтеріпті. Яғни, бұл жерде демалушыларға барлық лайықты жағдай жасалған.

Жалғасы 5-бетте

НЕГЕ?



ЖОЛ ЖАУАПСЫЗДЫҚТЫ КӨТЕРМЕЙДІ

Қай елдің болмасын автожолдары ел экономикасының әлеуметтік жағдайының айнасы іспеттес. Халықтың өміріне, тұрмысына тікелей әсер ететін де жол. Арнайы дерек көздеріне сүйенсек, Қазақстанның жол сапасы әлемдік рейтинг бойынша жүздіктің ішіне кіре алмаған.

Еліміздің көлік жолдарының жалпы ұзындығы 96 мың шақырымды құрайды. Оның ішінде республикалық маңызы бар күре жолдар 25 мың шақырым. Соның ішінде 5 мың шақырымға жуық тас жолына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 4 мың шақырымға жуық автомобиль жолы қайта салынуда.

2019 жылдың желтоқсан айында инфрақұрылымды дамыту мақсатында 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама қабылданған. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында алты жылда 12 мың шақырым көлік жолын салу және республикалық желінің 11 мың шақырым жолына жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Дей тұрғанмен, әлі күнге жол азабын тартып келеміз. Яғни, қазіргі қолданысқа берілген айналма жолдары әрбір жүргізушінің қорқынышты түсіне айналды. Дәлірек айтқанда Балқаш, Алакөл көлдеріне баратын Алматы-Өскемен айналма жолдарының ахуалы тіптен нашар. Жол бойында дөңгелегі жарылған жүргізушілерді әр шақырымда кездестіруге болады. Осы орайда Балқаш көліне баратын жолға қатысты Жетісу облысы әкімшілігінің мәлімдеуінше, қазір Алматы-Өскемен-Лепсі-Ақтоғай тас жолдарын қайта жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Осы уақытта 110 шақырымның 35 шақырымына жөндеу жасалған. Жоспар бойынша жол екі жолақты болып, жиектеріне демалыс алаңдары, көлік жөндеу эстакадалары және дәретханалар орнатылмақ. Бұл жаңа жол ақшалай қаражаттың бөлінуіне қарай жоспар бойынша келесі жылы пайдалануға берілмек. Бірақ жоспар орындалып болғанша көлге барып демалып қайтамыз деп аптап ыстықта балаларымен жол бойына тұрып қалғандарды көріп, айналма жол тұрмақ, күре жолдың сапасына күмән туады. Күні кеше жөндеуден өткен Талдықорған-Үшарал жолын жаңбырдан аққан су дәл ортасынан қаққа бөліп кеткен болатын. Бұл былай тұрғанда Кеген ауданында республикалық маңызы бар 11 шақырым автожолын да жаңбырдың суы шайып кетті. Қаншама қаражат, уақыт, адамдардың еңбегі зая кеткеніне ішің ашиды.

Мемлекет тарапынан инфрақұрылымды дамыту мақсатында жол тораптарын жаңарту үшін қаржы бөлініп жатыр, жаңа жолдар салынып жатыр, бірақ зардабын бәрібір халық көріп отыр. Неге?

А. БЕКМОЛДИНА.

АҢДАТПА

ПРЕЗИДЕНТ 3 стр.

ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА ПО УПРАВЛЕНИЮ МФЦА

ЖЕМҚОРЛЫҚ 4-бет

«ДӘНІККЕН ҚАРСАҚ ҚҰЛАҒЫМЕН ІН ҚАЗАДЫ»

АШЫҚ ӘҢГІМЕ 8-бет

ЖАСТАР АРАСЫНДА КАДРЛЫҚ РЕЗЕВ ЖАСАҚТАЛУДА

ҒАНИ МҰРАТБАЕВ -120 12-бет

ҒАНИ ҒҰМЫРЫ – ТАРИХТЫҢ АЙТУЛЫ БІР ПАРАҒЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КЕЗДЕСУ

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ТҰРҒЫНДАРМЕН АЛҒАШҚЫ КЕЗДЕСУІН ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА ӨТКІЗДІ. ҚАРАБҰЛАҚТАҒЫ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНДЕ ӨТКЕН ЖИЫНДА ОБЛЫС БАСШЫСЫ КӨПШІЛІКТІ ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНАН ҚЫСҚАША ХАБАРДАР ЕТІП, АУДАН БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ АЛДЫНА НАҚТЫ МІНДЕТТЕР ҚОЙДЫ. КЕЗДЕСУДЕ ТҰРҒЫНДАР НЕГІЗІНЕН АУЫЗ СУ МЕН АРЫҚ ЖҮЙЕСІН ЖҮРГІЗУ, ГАЗДАНДЫРУ, ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ ЖӨНДЕУ МЕН САЛУ, ЖАЙЫЛЫМДЫҚ ЖЕР МӘСЕЛЕЛЕРІН КӨТЕРДІ.

Бейбіт Исабаев Ел Президенті облыс басшылығының алдына азаматтардың тұрмыс жағдайын, әл-ауқатын арттыруға қатысты проблемаларды шешу мен Жетісу облысын әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан одан әрі дамыту міндеттерін қойғанын атап өтті. Сол сияқты Ескелді ауданының экономикасындағы ерекшеліктерге, басымдық беретін бағыттарға тоқталды. Мәселен, аудан қант қызылшасын егуден аймақта 1-ші орында, яғни облыстағы жалпы егістіктің 29%-ын құрайды. Сонымен қатар ауданның картоп шаруашылығын, оның ішінде Чипсы мен Фри өндірісін дамыту әлеуеті зор.

– *Алайда ауданда өңдеуші кәсіпорындар жоқ, сыйымдылығы мол заманауи көкөніс сақтау қоймалары және тоңазытқыштары жоқтың қасы. Мал шаруашылығында мал басының саны 50 мыңға жуық болса да, небары 4 бордақылау алаңы және 2 шұжық цехы бар. Жылына орта есеппен 34 мың тонна сүт өндіріледі, 7 тауарлы сүт фермасы бар, бірақ тек 2 мекеме ғана сүт өнімдерін шығарады. Бұл жеткіліксіз,* – деді облыс басшысы.

Сол сияқты пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін анықтап, мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарына, жаңа инвестиция тартып, өңдеу өнеркәсіптерін ашу, жұмыс орындарын құру, балық және жылыжай шаруашылықтарына назар аудару, ауыз су, газдандыру, суару желілерін жүргізу сияқты көптеген мәселелерге баса көңіл бөлуді тапсырды.

«Сыртқы нарыққа бағдарлана отырып, сапалы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін жаңа технологияларды белсенді енгізу керек», – деді Б. Исабаев. Бұған дейін Ескелді ауданында әкімдердің небары бір жыл көлемінде ғана жұмыс істеп кеткенін тілге тиек еткен облыс басшысы алдағы уақытта келесі тағайындалатын әкімнің өз қызметін неғұрлым ұзақ мерзім атқаруына, бастаған жобаларын аяқтауына мүмкіндік берген жөн екенін атап өтті.

Осы жиында жалпы саны 15 тұрғын 40-қа жуық сұрақ қойды. Сауалдардың басым көпшілігі ауыз су мен бақша суаратын арық суына қатысты болды. Осы мәселелерді Көкжазық, Жаңалық, Ақын Сара, Мелькомбинат, Байысов ауылдарының тұрғындары көтерді. Сол сияқты елді мекендерге газ тарту мәселесі де – көпшіліктің мазалайтын тақырыптардың бірі. Жалпы ауданның орталық ауыз су жүйесімен қамтылу деңгейі жоғары болғанымен, 40% желінің тозығы жеткен. Биыл Қарабұлақ, Ақтұма, Ақешкі, Сырымбет, Алдабергенов, Теректі ауылдарында сумен қамту жүйелерінің құрылысын жүргізу мен қайта жаңғырту қолға алынуда. Тағы екі ауылда осындай құрылыстың құжаттары әзірленуде. Сондай-ақ әзірге аудандағы 3 елді мекенге ғана газ жеткізілген. Өткен жылы 4 ауылға газ тарату желісін салу басталса, биыл тағы 4 ауыл осындай жоспарға енгізіліп, қаржысы қарастырылған. Солардың ішінде тұрғындары сауал қойған Көкжазық, Байысов ауылдары да бар. Сондай-ақ айтылған сауал-өтініштер негізінде облыс әкімінің орынбасары Әлібек Жақанбаевтың жетекшілігімен арнайы комиссия бірнеше ауылдағы арық жүйесінің кемшіліктері, оны түзету жолдарын қарастыратын болады.

Алдабергенов ауылының тұрғыны Мадияр Ақжолтаев ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-ана ретінде балаларды оңалту орталығын ашу туралы ұсыныс білдірген еді. Өтінішке байланысты аудан басшылығының айтуынша, аталған ауылда бос тұрған ескі мектептің ғимаратын пайдалануға болады. Бейбіт Исабаев алдымен ғимараттың жарамды-жарамсыздығы туралы тиісті мамандарға сараптама жасатып, анықтау керектігін айтты. *«Балалардың өміріне қауіпсіз болса, онда сол ғимаратты қалпына келтіріп, орталық жасауға болады. Егер қауіп болса, онда басқа жолын қарастыру керек. Балалардың өмірі біз үшін бәрінен қымбат»,* – деді облыс әкімі.

Шымыр ауылында балабақша және стадион, Жалғызағаш ауылына мәдениет үйі, Жаңалық, Ешкіөлмес ауылдарына мектеп керек деген ұсыныстарын жеткізген аудан тұрғындарына Бейбіт Исабаев:

– *Аудандар бөлінісінде әлеуметтік нысандарға, халық санына қарай сұранысына толық түгендеу жүргіземіз. Қай жерге қандай объектілерге қажеттілік бар екенін анықтаймыз. Сол бойынша келесі жылы бірінші кезекте қандай нысандар салынады, алдағы 3-5 жылдағы межеміз қандай, бюджеттің мүмкіндігіне қарай осының бәрін жоспарлап, жұмыс жасайтын боламыз,* – деді.

Кездесуден кейін облыс әкімі жеке азаматтар үшін қабылдау өткізді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ҚҰҚЫҚ

«АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу және оған қарсы мәдениетті қалыптастыру аясында «Өлке тынысы» ЖШС-ның комплаенс-офицері Жанар Хабасова «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамы қызметкерлерімен кездесу өткізді.



Кездесуде ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңның нормалары түсіндірілді. Сондай-ақ комплаенс қызметі, оның өкілеттіктері мен құқықтары, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру барысында тапсырыс беруші, жеткізуші сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау қажеттілігі айтылды. Басқосуда Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы No 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңы бойынша сыбайлас жемқорлық факторларын болдырмау және алдын алу мәселелері де қозғалды.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

САЛЫҚ

ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ - ҚАРЫЗҒА БАТЫРДЫ

ӨҢІРЛІК КӘСІПКЕРЛІК ПАЛАТАСЫ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ХАБАРЛАУЫНША, ЛИМУЗИН ИЕЛЕРІНЕ СОҢҒЫ ҮШ ЖЫЛДЫҢ САЛЫҒЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУДІҢ САЛДАРЫНАН ЕНДІ ӘРБІР КӘСІПКЕР КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ САЛЫҒЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТКЕ БІРНЕШЕ МЛН. ТЕҢГЕ ҚАРЫЗ БОЛЫП ҚАЛҒАН.

Ашулы кәсіпкерлер Алматы облысының Кәсіпкерлер палатасына қолдау үшін жүгінді. «Атамекен» кеңесінде лимузиндердің 50-ге жуық иесі жиналды. Мән-жайларды анықтау үшін Алматы облысы Мемлекеттік кірістер департаментінің, Талдықорған көлік прокуратурасы және әкімшілік полиция басқармасының өкілдері шақырылды.

Автокөлік иелерінің айтуынша, пайда болған берешекті мобильдік қосымшадан 2022 жылдың мамыр айында көрген. Бірден екі миллион аралығында салық берешегі анықталған. Осыдан кейін кәсіпкерлер Талғар ауданы МКБ-не өтініш білдірген. Салықты қайта есептеу Салық кодексінің 492-бабы 4-тармағына сәйкес, сондай-ақ Алматы облысы МКД-нің 19 мамырдағы тапсырмасына сәйкес 2019, 2020, 2021 жылғы 42 көлік құралы (лимузиндер) бойынша жүргізілгені туралы жауап берді. Көлік иелері бұған дейін 2019 және 2020 жылдар аралығында салықтарды D санаты бойынша автобустар ретінде төлегенін атап өтті.

«2020 жылдан бастап пандемия кезінде біз жұмыс істемедік, көліктерге сұраныс болмаған соң, көліктер қозғалыссыз тұрды, сәйкесінше табыс та болмады. Бүгінгі таңда жағдай шиеленісе түсті, әрқайсымыздың бір-екі млн теңгеге дейін салық берешегіміз бар. Жеке сот орындаушылары өндірістік істерді қозғап, бізден салық төлеуді және өз қызметтері үшін берешек сомасының 25% төлеуді талап етеді. Сондықтан біз қайта есептеуді алып тастауды сұраймыз және оны заңсыз деп санаймыз», – деді кәсіпкер Айдос Үсенұлы.

Алматы облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Сапар Шайкеновтың айтуынша, қайта есептеу тек облыста ғана емес, бүкіл республика бойынша жүргізілген.

«Бұл бүкіл Қазақстан бойынша өткізілуде. Бүгінгі таңда біз оны алып тастай алмаймыз. Қайта есептеу заң аясында жасалды» - деп жауап берді кәсіпкерлердің сұрағына МКД өкілі.

Прокуратура мен полиция өкілдері салық органының іс-әрекетінде кейбір қайшылықтардың бар екенін, заңнамада «лимузин» ұғымы жоқ екенін айтып өтті. Осыған байланысты құқық қорғау органдары мәселені зерттейтін болады.

Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасы директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары Думан Керімбаев қарызды өндіріп алу процесін уақытша тоқтатуды ұсынды.

«Барлық іс жүргізу әрекеттерін мән-жай анықталғанға дейін тоқтата тұру қажет, себебі кәсіпкерлер наразы. Мен өз тарапымнан Алматы облысы бойынша бизнес-омбудсмен секторының меңгерушісі ретінде мәселені ҰКП проблемалық мәселелерінің тізіліміне енгізу үшін жолдайтын боламын және оның нәтижесі туралы кәсіпкерлерді хабардар етеміз», – деп мәлімдеді Думан Керімбаев.

Ш. ХАМИТОВ.

ЭКОЛОГИЯ

ОРМАНДЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАЙЫҚ

Апат айтып келмейді. Қазіргі жаз айларында аптап ыстықтан болатын өрт қаупі күшті. Әсіресе, бұл уақытта орман алқаптарын өрттен көздің қарашығындай сақтауға тура келеді.

Жасыратыны жоқ, орман-тоғайларда шығатын өрттің көбісі демалушылардың салғырттығынан немесе шөп шабу науқаны кезіндегі техника иелерінің жауапсыздығынан орын алады. Сонымен бірге ауа-райы ысығандықтан шабылған шөптер құрап, өрт қауіптілігі орын алып жатады. Осындай жағдайлардан орман өртінің өршуі мүмкін екенін ескерткен жөн. Сондықтан кез келген табиғи аумақта өрт шығу қаупінен абай болу қажет.

Орман шаруашылығында өрт қауіпсіздігі – ең өзекті мәселе. Кез келген шаруашылықты алып қарасаңыз, өрттен қорғау жоспары болады. Онда орманның схемасы сызылып, аумақты апаттан сақтаудың сызбасы, сонымен қатар қауіпсіздік тақтайшасы жасалынады. Атап айтсақ, ормандағы және табиғаттағы өрт қауіпсіздік ережері қатаң түрде сақталуы керек. Мәселен:

– *шылым шегуге, сөндірілмеген сіріңкелер мен шылым тұқылдарын тастауға болмайды, құрғақ өсімдіктерді жағуға рұқсат жоқ;*

– *көлікті белгіленген орындардан алшақ жерде орналастыруға болмайды, автокөлік қозғалтқыштары жұмыс істеп тұрғанда отын бактарын толтыруға болмайды;*

– *қоқыс тастауға тыйым салынған, шыны заттарды, бөтелке, майланған және жанғыш сұйықтықтарға малынған заттарды қалдырмаңыз, өйткені олар ыстық ауа-райы кезінде тұтану көзі болып табылады;*

– *жас қылқан жапырақтарда, қураған шөптері бар жерлерде, шымтезекте от жағуға тыйым салынған;*

– *отты қараусыз қалдыруға болмайды, орманнан кетер алдында алауды сумен толықтай сөндіріп немесе топырақпен көміп кету қажет.*

Әр адам мұндай ескертулерге байыппен қараса, халық табиғат байлығын тілсіз жаудан қорғауға елеулі ықпалын тигізері сөзсіз. Демалыс орындары мен орман аумақтарына барғандар тіршілік иелеріне ұқыптылықпен қараса, экологиямыз да таза болады.

Сұлу табиғатымыздың адамзатқа берері әлі көп. Ал ормандағы жасыл желектің қиылуына жол бермей, өрттен сақтау – орманшылардың басты міндеті. Сондай-ақ бұл жалпыхалықтық іс болып табылады. Ендеше, табиғатымызды өрттен қорғайық.

Е. НҰҒМАНОВ,
Қаратал орман шаруашылығының орман күтушісі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ

ЗАСЕДАНИЕ СОВЕТА ПО УПРАВЛЕНИЮ МФЦА

Глава государства провел заседание Совета по управлению Международным финансовым центром «Астана», передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на akorda.kz.

В ходе заседания были подведены итоги деятельности МФЦА за 2021 год, а также рассмотрены предложения по его дальнейшему развитию.

«Казахстан вступает в новый этап своего развития, ориентированный на форсированный рост рыночной, свободной и конкурентной экономики. В этих условиях сохранение и укрепление доверия иностранных инвесторов и торговых партнеров остается нашим главным приоритетом. В связи с чем потенциал МФЦА, в качестве гаранта надежности и безопасности инвестиций, должен быть максимально задействован», – заявил президент.

Глава государства подчеркнул, что перед МФЦА стоит глобальная задача по институциональному укреплению своего статуса в качестве ведущего регионального финансового центра. Исходя из этого он обозначил ряд актуальных моментов.

В частности, Касым-Жомарт Токаев указал на санкционный подтекст, отметив, что условия регистрации на МФЦА зарубежных компаний должны быть максимально просты и либеральны. При этом он подчеркнул, что диалог с иностранными партерами МФЦА следует вести при тесном взаимодействии с финансовыми регуляторами под общей координацией правительства. Он также добавил, что регуляторная и нормативно-правовая база центра должна сохранить свою самостоятельность и независимость. Другой приоритетной задачей президент назвал работу по выводу национальных компаний на IPO. В качестве примера он отметил роль АО «Самрук-Казына» и ее национальных компаний.

«Простые граждане нашей страны должны иметь возможность приобретать акции национальных компаний и получать свои дивиденды от вложений. Именно таким способом формируется инвестиционная культура населения. Участие в IPO должно стать доступным абсолютно для всех жителей Казахстана. А для этого нужны новые цифровые решения, исключающие бумажную волокиту и бюрократию», – сказал глава государства.

В своей речи Касым-Жомарт Токаев затронул актуальность привлечения долгосрочных иностранных инвесторов к суверенным облигациям в тенге. Он высказал мнение, что в текущих условиях неопределенности обостряется конкуренция за инвестиции и ресурсы. Инвесторы ищут площадки, где высоко соблюдаются принципы корпоративного управления, верховенствует закон и имеется международная юрисдикция.

«Стране нужны новые надежные источники. А для этого нужно более тесно взаимодействовать с международными депозитариями. В этих условиях площадка МФЦА, с ее регуляторным режимом и международным правом, выглядит привлекательной. Поручаю правительству совместно с Нацбанком и МФЦА проработать вопрос подключения к мировой инфраструктуре с долгосрочными институциональными инвесторами. Это станет важным шагом для роста устойчивости нашей экономики», – заявил президент.

Кроме того, глава государства остановился на вопросах достижения целей устойчивого развития и реализации «зеленых» проектов. Он сообщил, что за прошлый год объем рынка устойчивого финансирования вырос в 500 раз, превысив 250 млн долларов, из них 58% зеленых облигаций и кредитов было верифицировано Центром зеленых финансов МФЦА.

«Это значимый вклад, который доказывает состоятельность нашей страны в успешном решении глобальных задач по декарбонизации экономики и развитию низкоуглеродных технологий. Призываю правительство, МФЦА и членов Совета продолжить работу в этом направлении, не снижая заданных темпов», – сказал он.

Касым-Жомарт Токаев подчеркнул важность укрепления роли Казахстана в условиях трансформации глобальных рынков энергоносителей и мировых центров продовольствия. В частности, он указал на актуальность вопроса дислокации главной товарной биржи, соответствующей лучшим международным стандартам, равноудаленной от любых рисков.

«И здесь Казахстану крайне важно заявить о наличии своей надежной и конкурентоспособной инфраструктуры биржевого рынка. Это откроет перед нами новые возможности лидерства в региональной и международной торговле. Правительству следует детально проработать данный вопрос», – заявил президент.

В своем выступлении глава государства акцентировал внимание на вопросах развития криптоиндустрии и цифровых активов.

«Мы должны максимально использовать наш потенциал. Да, мы страна № 2 по добыче криптоактивов, но мы ни в коем случае не должны сохранять исключительно сырьевой статус. В этой связи правительству необходимо совместно с финрегуляторами и МФЦА создать благоприятные регуляторные условия для развития комплексной цифровой экосистемы», – сказал Касым-Жомарт Токаев.

«НЕ ДОЛЖНЫ ДОПУСТИТЬ ОСЛАБЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВА»

Принятые на референдуме поправки в Конституцию означают создание Второй республики и кардинальную смену парадигмы развития Казахстана. Об этом заявил Касым-Жомарт Токаев на торжественном мероприятии по случаю 30-летия казахстанской полиции, передаёт BaigeNews.kz со ссылкой на пресс-службу Акорды.

Он сказал, что Казахстан переходит к качественно новому этапу государственного строительства на основе глубокого обновления всех ключевых институтов власти.

«Нам предстоит сформировать эффективную и сбалансированную модель взаимоотношений государства и общества, значительно расширив участие граждан в принятии решений. Ключевым направлением намеченных преобразований является последовательная трансформация правоохранительной системы. Осуществляя масштабные реформы, мы ни в коем случае не должны допустить ослабления нашего государства. Все свои действия нам необходимо соотносить с нашей главной ценностью – Независимостью», **–** сказал Касым-Жомарт Токаев.

Глава государства акцентировал внимание, что в условиях поступательной демократизации страны закономерно растущая политическая активность граждан должна протекать исключительно в рамках закона. По его мнению, построение Нового Казахстана - это не только важные институциональные изменения, но и модернизация общественных установок и моделей поведения. Одним из главных принципов нашей обновленной системы ценностей и мировоззрения должно стать уважение чести и достоинства человека.

«В крайне нестабильном, стремительно развивающемся мире, только тот народ, который чтит законы и нормы морали, способен сохранить статус сильной и суверенной нации. Сегодня в обществе встречаются различные, порой полярные оценки нашего недавнего прошлого, звучат и предвзятые мнения. Однако мы не имеем права перечёркивать значительные достижения периода независимости. Важно помнить, что у народа, отрицающего свою историю и лидеров, нет будущего. Поэтому призываю сограждан быть объективными и корректными в своих высказываниях», **–** заявил президент.

ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО

ОТ КОНСУЛЬТАЦИИ ДО ЭКСПЕРТИЗЫ

КАК МЕНТОРЫ ЦЕНТРА РАЗВИТИЯ ЖЕНСКОГО ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА ПОМОГАЮТ ЖЕНЩИНАМ РАЗВИВАТЬ СВОЙ БИЗНЕС

По сообщению пресс-службы региональной палаты предпринимателей, с ноября 2021 года во всех регионах РК стартовало открытие Центров развития женского предпринимательства, в рамках «Фонда Солидарности», при партнерстве Министерства национальной экономики, Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК и НПП «Атамекен». Инициатива финансируется за счет средств Азиатского Банка Развития и Программой развития ООН в Казахстане и реализуется НПП РК «Атамекен». Деятельность Центров базируется на принципах Советов деловых женщин «Атамекен» (действующих с 2015 года), главный из которых – взаимная поддержка женщин в ведении и развитии бизнеса. Аналогичный центр работает и в Алматинской области. С апреля этого года женщины-предприниматели могут записаться к ментору и получить услугу по сопровождению своего дела. Кто такой ментор и какую помощь может оказать женщинам. На эти и другие вопросы о поддержке бизнесвумен ответила ментор Центра развития женского предпринимательства Алматинской области **Светлана Онгарбаева**.

– Кем является ментор, в чем заключается его роль?

– Ментор – источник, кладезь знаний и ответов, проводник в мир экспертизы. Буквально, он Google для предпринимателя. В апреле вместе с консультантами Центров развития женского предпринимательства мы прошли обучение основам по развитию социального предпринимательства, бережливых технологий, по краудфандингу и краудинвестингу, а также об особенностях сопровождения проектов в регионах. Поэтому обратившись в Центр развития женского предпринимательства уже работающие несколько лет женщины-предприниматели могут воспользоваться услугами ментора. Бизнесвумен могут обратиться с любым вопросом по развитию своего бизнеса, развитию личностного и профессионального роста. По желанию мы можем дать разовую консультацию, или сопровождать их бизнес в течение трех или шести месяцев. Мы не только консультируем и советуем, но и мотивируем, направляем, делаем экспертизу бизнеса, показывая преимущества и проблемы.

– А как с обучением?

– Обучение – неотъемлемая часть нашей деятельности. Почти каждый день в центр приходят с просьбой провести обучение или семинар по развитию, продвижению предпринимательства. Также объезжая районы, мы собираем потребность в проведении обучений. Все наши обучения бесплатные. Кстати, мы также можем обеспечить няней, если вы многодетная мама и не имеете возможность оставить ребенка с кем-то. С обучающими семинарами и разъяснениями мы побывали в Коксуском, Ескельдинском, Аксуском, Каратальском и Кербулакском районах. Через Центр развития женского предпринимательства в ближайшее время планируется организовать обучения в Талдыкоргане и Жамбылском районе.

– В качестве ментора уже какие проекты сопровождаете?

– Сейчас я занимаюсь сопровождением четырех проектов. Моя первая менти – бизнесвуман Коксуского района Кымбат Касейн. У нее был небольшой косметический салон, параллельно дома занималась пошивом одежды. В ЦРЖП обратилась с просьбой помочь в продвижении и расширении бизнеса одежды. Одна из преимуществ Кымбат, она уже имела соответствующие знания и средства для реализации проекта. Поэтому при поддержке ЦРЖП и Совета деловых женщин в трех регионах – Коксуском, Аксуском районах и городе Текели запускаем швейные цеха по пошиву одежды и национальных изделий. Планируется создать 137 рабочих мест, где в основном будут работать многодетные женщины. Также веду проекты по обувному производству, выращиванию овощей в теплице, созданию центра развития речи. Хочу отметить, что при экспертизе проектов всегда изучаю и учитываю мнение опытных экспертов, производственников отрасли, чтобы сделать всесторонний анализ, и предоставить не теоретические, практические советы и рекомендации.

– Имеются ли недостатки в бизнес-проектах?

– Отмечу самую основную проблему. Это – финансовые и юридические вопросы. Экспертиза бизнес-проектов, обратившихся женщин показывает, что не все они владеют цифрами, юридическими тонкостями своей компании. Пусть у тебя в штате есть бухгалтер или юрист, все равно ты как глава компании должна вместе с ними все знать. Мелочей в бизнесе не бывает. Если компания совсем маленькая, то за бесплатным бухгалтером и юристом можно обратиться в «Атамекен», либо в любую онлайн-платформу, где можно нанять себе необходимого специалиста.

Благодарим Вас за содержательную беседу и желаем успехов в вашем деле.

НАШ. КОРР.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖЕМҚОРЛЫҚ

«ДӘНІККЕН ҚАРСАҚ ҚҰЛАҒЫМЕН ІН ҚАЗАДЫ»

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖЕТІ АТАСЫН ТҮГЕНДЕСЕҢІЗ, КЕСЕЛГЕ ШАЛДЫҚПАҒАН БІРІ ЖОҚ. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫНЫҢ ҚАЙ САЛАСЫНА ЗЕР САЛСАҢЫЗ ДА, ЖЕҢ ҰШЫНАН ЖАЛҒАСҚАН ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ИСІ АҢҚЫП ТҰРАДЫ. СҰҒАНАҚ ҚОЛДАР БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНА ҚОЛ САЛСА, ТЕНДЕР ОЙНАҒАНДАР ТҮЙЕНІ ТҮГІМЕН, ПОЙЫЗДЫ ЖҮГІМЕН ЖҰТЫП, ПАРА БЕРМЕСЕ, ПАРАСАТТЫ АДАМ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛМАЙ ҚАЛАТЫНДАЙ ЗАҢДЫ АЙНАЛЫП, ЖЕКЕ БАСЫНЫҢ МҮДДЕСІН КӨЗДЕЙТІНДЕР, КӨРІНБЕЙТІН КӨЛЕҢКЕДЕЙ КӨЛБЕҢДЕП ЖҮР.

Қақпан-қапқандары ішкен жегендерін қайта құсып, абыройдан жұрдай болса да ел бетіне қарап жүр. Мемлекеттің экономикасын қарқындатуға үлес қосудың орнына қазынадан жеп, шалқып өмір сүретіндер судың да сұрауы барын білмейді емес, біледі. Бірақ «Дәніккен қарсақ құлағымен ін қазады» дегендей, жемқорлықпен жиендес болғандар ішпесе, жемесе тұра алмайтын індетке шалдықты. Оның күре тамырына сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мекемесі үздіксіз балта шауып келеді.

Алматы облысы бойынша жемқорлықтың нысанасына іліккен көлік инспекциясының қызметінде 27 сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталыпты. Бұл ақпаратты сыбайлас жемқорлықпен күрес мекемесі берді. Олар да жемқорлықтан ада емес екен. Түрлі айла-тәсілдерге баратындар көлік инспекциясынан да табылыпты. Көліктік бақылау бекеттерінің құзырына қызметімен байланысты бағыттар, сондай-ақ, шетелдік рұқсат бланкілерін беру рәсімі және техникалық тексерулер қызметі кіреді. Нысанаға іліккен инспекцияның ұйымдастыру-басқару қызметінде өрескел заң бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған. Мәселен «*1 млн. 400 мың теңге сомасында іс сапарларды негізсіз төлеу фактілері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу фактілері орын алыпты. Сондай-ақ аумақтық инспекцияның А. есімді қызметкері мемлекеттік қызметші бола отырып, автомобиль бөлшектерінің көтерме саудасы бойынша кәсіпкерлік қызметпен айналысқан. Бұл қолданыстағы заңнаманы тікелей бұзу болып табылады»,* – дейді Алматы облысы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысының бірінші орынбасары Тимур Темиралиев.

– *Көліктік бақылау инспекциясы сыбайлас жемқорлыққа неғұрлым бейім органдардың бірі болып табылады. Тек 2020-2021 жылдар аралығында облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомствосы парақорлық фактілері бойынша 32 қылмыстық істі тіркеді, оның нәтижелері бойынша 3 лауазымды тұлға 17-ден 55 миллион теңгеге дейін айыппұлмен түрлі мерзімге сотталды,* – дейді.

Демек, пәрәнжі киген парақорлық кеселі әлі де бәсеңсімей тұр. Осы індеттің жолын кесуде Антикор инспекцияның 3 қызметкерін кәсіпкерлерден кедергісіз жүріп өткені және оларды автомобиль жолдарында әкімшілік жауапкершілікке тартпағаны үшін 280 мың теңге сомасында пара алған кезде ұстаған. «Үй сыртында кісі барын білсе де, екі көздерін шел басып, құнығып алғандар арандарын аша түсуде. «Мұрның барда бір сіңбіріп қал» дегендей, қолымыз жүріп тұрғанда қарқып қалайық деп, қармақ қапқан балықтай қақпанға түскенде өкініп жатады. Жалпы, Алматы облысы бойынша облыстық соттан жемқорлыққа қатысты алты айда қанша адам жемқорлық қылмысы бойынша жазаланған туралы ақпарат сұратып алдық. Екі күннің бірінде жемқорлықпен шатылғандар туралы ақпаратты көзіміз шалатын болды. Айылын жиып заң қаталданып жатыр деп именген шенеуікті көрмейсің. Керісінше, «Алған қолым береген» дегеннің дәуірі жүріп тұрғандай. Оны көлік инспекциясынан да айқын көруге болады. Мемлекеттің экономикасын тұралатып тұрған да осы жемқорлық. Мемлекет басшысы Панфилов ауданындағы кеден бекеттеріндегі былық-шылықты айтып, арнайы тексеру жүргізгенде миллиардтаған қаржының қолды болып, бюджетке түспегені айтылды. Алматы облыстық сотының баспасөз өкілдерінің берген мәліметіне жүгінсек, 366-бап (пара алуға) қатысты он қылмыстық іс түскен. Оның жетеуіне үкім шығарылған. Заң аясында пара алғанда, пара бергенде жазаға тартылады. Пара бермесе жұмысы өндімей қалатындай алаңдап, алушының қолы жыбырлап, көзі қызарып кететіндер көлеңкесінен қорқып жүреді. Пара алмаса ауырып қалатындар, пара бермесе беделі түсіп кететіндер бір-бірін алыстан таниды. Пара беруге қатысты 367-бап бойынша үш қылмыстық іс тіркеліп, үшеуіне де үкім кесілген. Айыптылардың арқалаған жаза түрлері бойынша пара беруге қатысты 366-баппен алты адам сотталып, айыппұл салынған. Ал 367-баппен пара беруге байланысты 28 адам сотта-лып, 5-уі айыппұл арқалап, амнистия бойынша жазадан 23-і босатылған. Бұл 6 айдың көрсеткіші. Жыл аяғына дейін әлі қанша жемқорлық қылмысы әшкереленетіні бір Құдайға, сонсоң құзырлы органдарға байланысты. Бүгінгі қоғамда жемқорлықпен шатылмаған мекеме жоқ. Қыл аяғы кәсіпкерлер де тұтылып жатады. Жер телімін бөлу де, тендер ойнатуда, «Ақбұлақ» бағдарламасы, субсидиядағы бөлінген қаржыларды жымқырған талай шенді жазаланды. «Антикор» орталығының қызметкерлері ауыл әкімдерінің басын қосып, сыбайлас жемқорлық жайлы аудио жазба көрсетіп, ұдайы үгіт-насихат жүргізіп келеді. Солардың арасында «Жемқорлыққа жол жоқ», «Жемқорлық індет оны жою міндет» деген ұранмен талай мекемені шарладық. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік айтудай-ақ айтып, үндеудей-ақ үндеп жатыр. Алайда одан тиісті нәтиже шығарған шенділерді көрудің өзі, құм астынан алтын іздегенмен бірдей. Мемлекет басшысы да, жемқорлыққа қатысты аяусыз күрес жүргізу керектігін айтып, заңды жылдан-жылға қатайтып келеді. Бұл кесел елдің сана-сезіміне сіңісіп кеткені сондай, «Қазір бір нәрсе бермесең жұмысқа тұра алмайсың». «Дәрігерге пара бермесең дұрыстап емдемейді» деген пікірлер де ашық айтылып жүр. Соқтасын шығарсаң, арғы жағынан қанды іріңі шашырап, исі мүңкіп тұратын жемқорлық кеселіне қатысты соттардың да сапалы қызмет атқаруы үшін нақты шаралар қабылданды. Кейінгі үш жылда 174 судья жұмыстан шығарылды, я болмаса лауазымы төмендетілді. Жаңадан құрылған әкімшілік соттарға жарты жылдың ішінде 14 мың талап-арыз түскен. Соның тең жартысында сотқа арызданушылар жеңіп шыққан. Қылмыстық процесстің үш буынды үлгісі енгізілді. Соның нәтижесінде прокурорлар былтыр үш жарым мыңға жуық адамның қылмыстық процеске негізсіз тартылуына жол бермеді. Басқа да бірқатар институционалдық шаралар жүзеге асырылды, деген болатын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

– *Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болады. Былтырдан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жоқ. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде,* – деген-ді Президент.

Сыйбалас жемқорлықпен тек қана құзырлы орган күресуі тиімсіз екенін уақыттың өзі дәлелдеп тұр. Бұл індетпен жалпы қоғам болып күрескенде ғана оң нәтиже көруге болады. Өткен жылдары жемқорлық бойынша Алматы облысы Республикада бірінші орында тұрғанын айтып, дабыл да қаққанбыз. «Итің жаман дегенде ұяттан өлгенім-ай» демекші, бұл Алатау баурайын мекендеген халықтар үшін жақсы абырой емес. Мақала барысында айтылғандай Президенттің ауыл шаруашылығындағы субсидияларға байланысты жемқорлық деректердің анықталғанын айтқан-ды.

– *Кейінгі бес жылда мемлекет аграрилерді қолдау үшін екі триллион теңге бөлді. Осы уақыт ішінде аталған салада 960 қылмыстық іс тіркелген. 450 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұл сала жылдар бойы жемқорлыққа белшеден батуда. Соның кесірінен мемлекет үлкен зиян шекті, азық-түлік қауіпсіздігіне нұқсан келді. Атап айтқанда, жайылымдық жерлерді суландыруға бөлінген 80 миллиард теңгенің тең жартысы мақсатқа сай жұмсалмаған. Былтыр қуаңшылық болған кезде шаруалар жем-шөп таппай, мал қырылып қалды. Тіпті, кейбір өңірде шаруаларға субсидия ретінде күн батареясы берілген. Ашығын айтқанда, ауыл тұрғындарына не қажет екеніне ешкім бас қатырмаған. Субсидияны игердік деп есеп беру үшін сол күн батареяларының бағасы еселеп көрсетілген. Мұның бәрі уәкілетті органдардың жауапсыздығынан болған. Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдер мұндай былыққа жол бергені үшін жауап беруі керек,* – деді Президент.

Мұндай кеселден екі облысқа бөлінген Алматы облысы да құр алақан қалған жоқ. Атын атап, түсін түстеуге дәтіміз бармай отыр. Жығылғанға жұдырық сілтегендей болмайық деп шештік. Әйтпесе, ауылшаруашылығын басқарған және ортан қолды талай шенді жауапқа тартылды ғой. Енді солардың қатарына көлік инспекциясы да қосылды.

Бас прокуратураның Құқықтық статика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметіне қарағанда биылғы жылдың бірінші тоқсанында елімізде тіркелген сыбайлас жемқорлық қылмыстар саны былтырғы жылмен сәйкес кезеңдегіден 21,1 пайызға ұлғайған, яғни, 639-дан 774-ке дейін көбейгені ақпарат құралдарында айтылды. Әлемді жаулаған «Ковид-19» індеті мен пандемиядан дағдарысқа ұшырамаған мемлекет кемде-кем. Олардың қатарында Қазақстан да бар. «Жау жағадан алғанда бәрі етектен тартыпты» демекші, қымбатшылық алқымынан алып, халық күйзеліске түскенде ебін тапқандар, екі асап, жемқорлықпен шатылып мемлекет экономикасының өркендеп-өсуіне тежеу салуда. Ал олардың ерте ме, кеш пе бір тұтылары хақ! Жемқорлық жойылмай, Қазақстан даму жолына түспейді.

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ПРЕСС-ТУР

ҰМЫТЫЛМАС САПАР

немесе Бұрқан Бұлаққа бардыңыз ба?



Жалғасы. Басы 1-бетте

БІЗ де осы үйлердің біріне келіп жайғастық. Шаршағанымды лезде ұмыттыратын тұмса табиғаттан бөлек тау баурайындағы шыршалар мен арша ағаштарының хош иісі мұрынды жарады. Түскі асымызды ішкен соң талайлардың аңсарын аударған Бұрқан бұлақты көруге бет түзедік.

Ал сарқырама атауының шығу тарихына байланысты ел ішінде түрлі аңыз-әңгімелер көп тарапты. Соның бір-екеуін мысал ретінде келтіре кетейік.

Ерте заманда Бұрқан есімді жігіт болған деседі. Ол сіңірі шыққан кедей екен. Шамасына қарамай, байдың бойжеткен қызына өлердей ғашық болады. Қыздың аты Қора екен, ол да жас жігітті ұнатады, сөйтіп екі жас бір-бірін көрмесе тұра алмайтын халге жетеді. Әрине, есігіндегі жалшысына жалғыз қызын берсін бе, бай олардың қосылуларына үзілді-кесілді қарсы болады. Қандай айла-тәсіл қолданбасын мейлі, жігіт пен қыз арасындағы махаббаттың отын өшіре алмайды. Содан ызаланған бай жартастың ұшар басына қамал соғып, Бұрқанды сонда қамайды. Бір-біріне қосыла алмаған жігіт пен қыздың көз жасынан сол жерде бұлақ пайда болып, кейін ол алып сарқырамаға айналыпты. Ал шатқалды халық қыз есімімен Қора деп атап кеткен. Осылайша ғашықтардың есімі ел ішінде қатар аталатын болған.

Тағы бір аңызда бұл аймақта есте жоқ ерте заманда бір әйелдің өмірден өткені айтылады. Әлгі әйелдің Бұрқан есімді баласы болыпты. Баласын жанынан артық жақсы көрген анасы оның өзіне әйелдікке көргенді, мінезі ұяң қызды алғанын қалайды. Алайда ақылы көркіне сай Бұрқан өзі ерке, өзі тәкаппар Қора сұлуға ғашық болады. Бұрқанның анасы бұл некеге қарсы болып, баласын жар басындағы қамалға қамап тастайды-мыс. Махаббат күш-жігер берген Бұрқан қапастан құтылып шығып, Қора сұлумен бірге осы жартастар арасына сіңіп, жоқ болып кетеді. Олар неше ғасырдан бері осы жартас қамалдарды қол ұстасып бірге кезіп жүрмыс. Ал Бұрқанның анасы баласын жоқтап әлі де жылайды... Айтпақшы, Бұрқанбұлақтан алыс

емес маңайда «Ананың көз жасы» деп аталатын кішкентай бұлақ та бар екен.

САРҚЫРАМАНЫҢ шығу тарихына байланысты тағы бір аңыздарда «Бұрқан» деп моңғолдар Будданың бейнесін атағаны айтылады. Бұл жерлерде ежелгі уақыттарда моңғол тайпаларының көш жолы болуы кәдік, олар сарқыраманың сұлулығына тәнті болып, бұл жерді өздері сыйынатын жерге айналдырған-мыс. Ал шынында Қора шатқалында Будданың ежелгі мүсіні де сақталған.

Ендігі бір деректе былай делінген. Ертеде Бұрқан бұлақ сарқырамасының жанынан өтіп бара жатқан Қобыланды батыр жол үстінде қазан қайнатып жүрген екі сұлу қызды көреді. Жас батыр Қобыланды қыздарға өзі атып алған құстарды ұсынады. Қыздар батырды асқа шақырады. Асты аузына апарар алдында батыр әдеттегідей дұға жасайды. Сол уақытта алдындағы ас малдың тезегіне айналып кетеді. Бұған ашуланған қыздар әп-сәтте жезтырнаққа айналып, жігітке тарпа бас салады. Қобыланды батыр шоқпарын алып, әлгілердің басын мыжып өлтіріпті. Одан кейін олардың мекені болған орманды түгелдей өртейді. Бұрқан бұлақтың құпиялылығын аңыз-ертегіге құмар халық осылай түсіндіріпті деседі.

ШЕКЕ тесер аптап ыстықта сарқырама маңында адам жанына жайлылық сыйлар салқындық сезіліп тұрады екен. Тау суы жартасты бойлай белбеумен ағып, қора шатқалының оң жақ бөктерін жиектесе, жартастардың арасында сумен қайралып қалған тар науаларды сығалап өтіп, төменгі жақта ірі құз шоқысына соғылады, осылайша ағыны арттырылған тау суы сарқырап келіп, қуатты ағынмен табиғи су алабына қосылады.

Сарқырама сұлулығын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Оны көзбен көру керек. Қиядан құлаған су құз тастарына күркіреп соғылып, жан-жаққа сыңғырлап шашырайды. Ал, оған жақын маңда тұрған адамдар лезде-ақ суға малшынып шыға келеді. Судың сарқыраған дауысынан жаныңдағы адамның айтқанын да есту мүмкін емес. Алайда судың гүрілі мен сыңғырын естудің өзі бір ғаламат әсерге бөлейді.

Біз сарқыраманың көз ұшындағы үш қиясын ғана көрдік. Ал ең жоғарғы бірінші қиясы тым биікте шатқал ішіне ене тереңірек орналасқандықтан, көру үшін таудың тар соқпағымен жоғары қарай көтеріле түсу керек екен.

Жартастың табанына түскеннен кейін су ағысы жайлап, маңғаздана Қора суымен қосылып кететінін де білдік. Сонымен қатар мұнда келген адам кеткісі келмейтінін де айтқым келеді. Себебі бұл жерде тек демалып қана қоймай, жаңа энергиямен қуаттана аласың, өзіңді құдды бір табиғи шипажайда жүргендей сезінесің.

* * *

АЙТПАҚШЫ, Қора шатқалына кірер тұста көлемі үлкен тасты да көрдік. Оны байқамай өту тіпті мүмкін емес. Халық оны әулиетас деп атайды екен. Орасан зор, аппақ тас көзге бірден шалынады. Оны қоршаған айнала орманнан тура сондай тасты тіпті кездестірмейсіз. Жергілікті тұрғындар киелі деп ұғады. Ал енді ол бұл араға қалай келген?

Тым ертеде өзен бойында ауыл тұрыпты-мыс. Түгін тартса майы сорғалаған өрістерде мыңғырып мал жатыпты. Еш алаңсыз тірлік кешкен адамдар бір күні алапат жер сілкінісінен адам айтса нанғысыз әбігерге душар болады. Үрейі ұшқан жұрт жан-жаққа қаша бастайды. Сонау бір тау қапталынан осы тас жолындағының бәрін жапырып төмен қарай құлдилай жөнеліпті. Кімнің әлі келгендей, бір ғасыр тұрған шыршаларды қирата екпіндеген тастың бағыты тура жолындағы бір киіз үйге ентелей түседі. Үй ішінде әйел толғатып жатыпты. Енді мына кереметті қараңыз, әлгі тас талықсыған келіншек жатқан үйге бірнеше сантиметр қалғанда қалт тұра қалыпты. Іңгәлап нәрестe өмірге келген. Әулие тас аталатыны да сондықтан деседі.

Қора шатқалы арқылы Қапалға асатын тұстағы Қызылжар асуында жүз батыр жасанып келген жауды тосып, елді қорғау жолында ерлікпен құрбан болғандар үшін арнайы қойылған белгітас та бар екен. Бұл туралы әріптесіміз Қажет Андас біраз дүниеден хабардарлығын танытып, Қызылжар шайқасы туралы аз-кем айтып өтті.

* * *

ЖАН ЖАҒЫ таумен ғана емес, шыршалар мен арша ағаштары көмкерілген әсем жерде орын тепкен ағаштан жасалған шатырлы үйлер алыстан көз тартады. Демалушылар үшін қолайлы етіп жасалған бұл үйлердің бой көтергеніне де біраз жылдың жүзі болған. Бүгінде мұнда туристер үшін төрт жай үй және екі қабатты VIP үй бар. Оның бірінші қабатында екі және үш адамдық бөлмелер болса, екінші қабаты сегіз адамға арналып жасалған. Сонымен қатар тағы да бір жаңа ағаш үй салынуда.

Тау бөктеріндегі шатырлы үйлердің бой көтеруі, керемет демалыс орнын қалыптастыра алу әркімнің бір қолынан келер іс емес. Алайда осындай ғажайыпқа қарап табиғат пен адамның егіз екеніне көз жеткізе түсетіндейсің. Жаны жақсы көретін істі бастап, туристер үшін жайлы демалыс орнын ашқан Талдықорғандағы «Видергебурт» неміс қауымдастығының төрағасы болып істейтін Владимир Молодцовтың ісіне қалайша тәнті болмасқа.

БАҚ өкілдерінің басын қосқан екі күндік пресс-турда табиғат аясында демалып қана емес шағын демалыс орнының ішкі жайына да қанық болдық. Осы тұста Владимир Молодцовтың қызы Мария Адинбековамен танысып қана емес, тілдесудің сәті туды.

«Бұрқан Бұлаққа алғаш табан тіреген кез әлі есімде. Сарқырама жанында тұрып

әкем бұл жерге демалыс аймағы емес, әйтеуір жақсы бір орын жасайтынын айтқан-тын» – деп бастады әңгімесін Мария. – *Әкем де, мен де әрдайым табиғатқа шығуға құмар едік. Ол үнемі үйіміз табиғат аясында болады дейтін. Бір жарым жылдан соң ойын іске асыруға мүмкіндік туып, осында үлкен қазақ үй тікті. Мен тұрмысқа шығып, үйлену тойдан кейінгі «Бал айымыз» өзгелер құсап шет елде емес, осы Бұрқан бұлақта өткен еді. Әкем «жас жұбайлар» осында демалады деп бір қазақ үйді берді. Жаңа отау тіккен біз үшін бұл керемет «бал айы», тамаша саяхат болды. Осылайша, қазақ үйлер саны артып, бесеуге жетті. Одан соң шатырлы палаткалар болды. Сәл кейін ағаштан арнайы шатырлы үйлер тұрғызылды. Қазіргі таңда өзіңіз көргендей, ағаштан жасалған бес шатырлы үй және бір шатырлы палаткамыз бар.*

Мен отбасыммен Ресейдің Воронеж қаласында тұрамын. Бірақ жыл сайын жазда осы жерге келуге асығамын. Әкемнің бір жағына қолғабыс етіп, әрі табиғат аясында демалып, тыныығып қайтуға келемін. Мұнда интернет мүлдем тартпайды. Бұл жерге келгендердің миы демалып, бойларына энергия жиап қайтады деуге әбден болады.

Жол машақаты демесеңіздер, жолдарыңыз түссе, жаз айларында Бұрқан бұлақты бір көріп қайтуға асығыңыздар. Мұнда алыс-жақын шет елден келетіндердің де қарасы көп... Келемін десеңіз, еш өкінбейтіндей әсерге бөленеріңізге кәміл сеніңіз.

Әңгіме желісінде Мария қар түскенше бұл жерден адам саны үзілмейтінін айтты. *«Егер жол қатынасы реттелсе, бұл жер нағыз туризмнің ордасына айналар еді. Дей тұрғанмен, мынадай тұмса табиғатты көргенде жолдың қиындығы шаршағаныңды ұмыттырады»,* – дейді Мария.

Осы орайда біз тауқыметі көп жолмен апталап жүретін жүргізуші Серік Есенберлиновпен де пікірлестік.

«Жеті жыл бұрын Шығыс Қазақстаннан Талдықорғанға көшіп келгенмін. 1987 жылдан бастап автобуста дальнобойшик болып жұмыс істедім. Содан Талдықорғанға көшіп келген соң осы жерге жұмысқа тұрдым. Жеті жыл болды сіздер айтқандай «соқпақты-соқтықпалы» жолмен демалушыларды тасып, нәпақамызды адал тауып келеміз. Жұмыстың жеңілі жоқ қой. Өз жұмысым өзіме ұнайды. Сондықтан да болар шарашағанды сезбей қалатынымыз. Жол қиындығы болғанымен Бұрқан бұлақтың таза ауасымен тыныстағанда барлығын ұмытасың», – деп ағынан жарылды ағамыз.

ОСЫНДАЙ керемет сапарды ұйымдастырған «Қоғамдық келісім» КММ директоры Серік Бимұханбетов бастаған топ мүшелері журналистердің мерейін тасытты. Сапар барысында табиғат аясында демалып қана қоймай, әріптестер арасында этно-журналистиканың ерекшелігі және Жаңа Қазақстандағы БАҚ-тың дамуы тұрғысында ой айтылып, Қазақстан халқының береке-бірлігі, ынтымағы жайлы пікір алмасылды. Артынша журналистерге арнайы Алғыс хаттар табыс етілді.

Сарби ҚАСЫМБЕККЫЗЫ
Суреттерді түсірген Аслан ҚАЖЕКЕ

Дүйсенбі - Понедельник, 4 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.45 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 «Апта»
15.45 «Бақытсыздар бағы»
17.45 «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ»
20.35 «Ashyq alan»
22.20 «Жат мекен»
23.15 «1001 түн»
01.00 «Ashyq alan»
01.45 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00, 16.00 Сериал «В чужом краю»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит. «Нечто»
12.00 «Жаңалықтар»
12.10 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
13.00 «Новости»
13.10, 22.30 Т/х «Көкжал»
15.00 «Бүгін»
18.00 Мегахит «Ограбление: код 211»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.20, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.30, 02.00 «Астана кеші көңілді»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Т/х «Айнұрдың армандары»
15.30 Х/ф «Я – пышка»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 «Диназаур»
20.00, 03.40 «Astana Times»
21.00Т/х «Қара ниет»
02.55 «SarapTimes»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.20 «Тамаша City»
06.45, 05.05 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 Сериал «Своя земля»
14.00, 02.40 «НОВОСТИ»
14.15, 02.55 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.55 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.40 Сериал «Группа «ZETA»
00.40 Сериал «Заключение»
01.50 «В клетке»
03.10 «Паутина»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Ктк қоржынынан»
07.25 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.10 Т/х «Мұңды ызғар»
09.25 «Игра. Реванш»
11.15 «Почти вся правда»
15.00 «Көріпкел»
16.00 Т/х «Өгей ана»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Хороший парень»
23.40 «На глубине»
01.20 «Меч»
02.00 «Өгей ана»
03.15 «Көріпкел»
04.00-04.30 «Ктк қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
09.00 Апта (қаз)
10.00 Апта (рус)
11.00 «Олжа»
11.30 «Эко-рейд»
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Сыр шертер»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Елге қызмет»
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
20.00 «Көше бойында»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Дәрігер кеңесі»
23.30 Жаңалықтар

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00, 03.20 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30, 02.40 «31 әзіл»
08.30, 02.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.30, 12.30 Сериал «Кухня»
13.40 Кино «Львы для ягнят»
15.40 Худ/ф «Сокровище Амазонки»
17.55 Худ/ф «Сердце дракона»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Худ/ф «Охотник на убийц»
00.00 Худ/ф «Глория»
03.00 «1001 әзіл»
04.00 Bala batlle
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.00 «Серт пен Сезім»
08.00 Т/х «Гудия»
09.00, 00.00 «Шоу маска»
11.00 Сериал «Временно недоступен»
13.00 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
14.00 Т/х «Тақиясыз періште»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00 «Гадалка»
16.30 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
19.30 Сериал «Три в одном»
22.30 Т/х «Аяла мені»
23.30 Т/х «Жорға»
02.00 «Психологини»
03.00 «Тамаша»
04.30 Т/х «Япырай»

Сейсенбі - Вторник, 5 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.45 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
07.00 «TANSHOLPAN»
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.10, 21.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
13.50, 01.45 «Теледәрігер»
15.15 Деректі фильм
15.40 «Бақытсыздар бағы»
16.10 «Bizben birge»
20.35 «Ashyq alan»
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.15 «1001 түн»
01.00 «Ashyq alan»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00, 16.00 «В чужом краю»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит. «Ограбление. Код 211»
12.00 «Жаңалықтар»
12.10 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
13.00 «Новости»
13.10, 22.30 Т/х «Көкжал»
15.00 «Большая неделя»
18.00 Мегахит «Коллекторы»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бір туынды тарихы»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.30, 02.00 «Астана кеші көңілді»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Т/х «Айнұрдың армандары»
15.35 «Bas times» шоу
16.50 Т/х «Өрмек»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Диназаур»
20.00, 02.55 «Astana Times»
21.00 Т/х «Қара ниет»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.10 «Тамаша City»
06.45, 04.55 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Переводчик»
14.10, 02.40 «НОВОСТИ»
14.20, 02.50 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.40 Сериал «Группа «Zeta»
00.40 Сериал «Заключение»
01.50 «В клетке»
03.00 «Паутина»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.25 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.10 Т/х «Мұңды ызғар»
09.25 «Игра. Реванш»
11.15 «На глубине»
13.00, 21.30 «Хороший парень»
15.00, 03.15 «Көріпкел»
16.00 «Өгей ана»
17.30 «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
23.40 «На глубине»
01.20 «Меч»
02.00 «Өгей ана»
04.00-04.30 «Ктк қоржынынан»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бір туған» телехикаясы
10.55 «Қазақ үні»
11.30 «Көше бойында»
11.55 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
12.45 Жаңалықтар
13.00 Новости/тікелей эфир/
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Сегодня» (Алматы облысы)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
20.00 Д/ф «Бүгінгі дін»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00, 03.00 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30 Информбюро
08.30, 00.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.20, 12.20 Сериал «Кухня»
13.30 Х/ф «Охотник на убийц»
15.40 Худ/ф «Сердце дракона»
17.55 Худ/ф «Полицейская история»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 Худ/ф «5 причин не влюбиться в казаха»
01.00 Сериал «Жүрек жыры»

02.00 Сериал «Базарбаевтар»
03.30 1001 әзіл
04.00 Bala batlle
04.30 What s upp?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.00 «Арам ақша, адал махаббат»
08.00 Т/х «Гудия»
09.00, 00.00 «Шоу маска»
11.00, 19.30 Сериал «Три в одном»
13.00 Т/х «Тақиясыз періште»
14.00 «Зың-зың Күлпәш»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00 «Гадалка»
16.30 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені»
23.30 Т/х «Жорға»
02.00 «Психологини»
03.0 0 «Тамаша»
04.30 Т/х «Япырай»

Сәрсенбі - Среда, 6 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 02.50 Әнұран
06.05 «Жәдігер»
06.25 «Сағындырған әндер-ай»
07.30 М/ф «Мұзбалақ», «Қазақфильм»
08.30 Д/ф «Алып шаһары»
08.55 Мерекелік концерт «Бағы биік Нұр-Сұлтан»
10.00, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 «Әзіл әлемі»
13.10, 17.15 «Қызық екен»
14.20 М/ф «Аладдин және қарақшылар патшасы»
15.35 «Ән мен әнші»
20.00 Деректі фильм
20.30 Концерт «МузАрт»
22.30 Т/х «Жат мекен»
23.25 К/ф «Жүзігім қайда? Немесе «Гүлдер операциясы»
01.00 Деректі фильм
01.30 Концерт «Бағы биік Нұр-Сұлтан»
02.30 «Жәдігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 ҚР Әнұраны
05.00, 16.00 Сериал «В чужом краю»
07.00 «Оян!»
10.00 Концерт «Нұр-Сұлтан – Ұлы дала жүрегі»
12.00 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
13.15, 23.30 Т/х «Көкжал – 2»
15.00 «Бүгін»
18.00Концерт «Сәлем, Елорда!»
20.00 Концерт «Жастар әні»
21.30 Т/х «Келінжан»
22.30 «Не хабар?»
00.15 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Шымкент - шоу»
15.10 Х/ф «Ғашық жүрек или коктейль для звезды»
17.00 Х/ф «Ғашық жүрек или коктейль для звезды - 2»
18.50 Концерт «Мейрамбек Беспаев. Елге сәлем»
21.00 Т/х «Қара ниет»
23.50 Х/ф «Замуж в 30»
00.50 «Bas times»
02.00 «Той жыры»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.45 «Тамаша City»
07.00 «Той Заказ»
07.25, 03.50 «Тамада Battle»
08.35 Х/ф «Не пытайтесь понять женщину»
10.30 Сериал «Последний ход королевы»
14.10 «QOSLIKE»
18.30, 03.25 «Басты жаңалықтар»
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.40 Сериал «Группа Zeta»
00.40 «Заключение»
01.50 «В клетке»
02.40 «Паутина»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05, 02.20 Концерт «Рахмет, саған Туған ел»
08.10 Т/х «Мұңды ызғар»
09.20 Д/ф «90-ые: Забытые пленки»
10.30 «Вкус счастья»
14.20, 03.20 «Көріпкел»
16.00 «Өгей ана»
17.30 «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.30 «Хороший парень»
23.40 «На глубине»
01.20 «Сұлу бой жеткен!»
04.00, 04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.25 Инфо-блок
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бір туған» телехикаясы
11.00 «Сегодня»
11.30 «Бүгінгі дін» БЕГУШКА БЕРМЕНДЕР!!!
11.50 Инфо-блок
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.25 Инфо-блок
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.25 Инфо-блок
14.30 Новости
14.45 Инфо-блок
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.25 Инфо-блок
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
16.50 Инфо-блок
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.45 Инфо-блок
18.00 «Бүгін» /тікелей эфир (Жетісу)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
19.55 17-блок
20.00 «Мамандық маңызы»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.05 Инфо-блок
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұраны
06.00, 03.30 «Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30 Информбюро
08.30 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
10.40 М/ф «Стюарт Литтл – 3»
12.20 М/ф «Волки и овцы: бе-е-езумное превращение»
14.20 Худ/ф «5 причин не влюбиться в казаха»
16.20 Худ/ф «Бен - Гур»
19.00 Х/ф «Солт»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 «Bizdin show»
23.00 «Күліп All»
00.00 «31 әзіл»
01.00, 04.30 What s upp?
01.30 Сериал «Жүрек сыры»
02.30 Сериал «Базарбаевтар»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.00 Т/х «Арам ақша, адал махаббат»
08.00 Т/х «Гудия»
09.00, 00.00 «Шоу маска»
11.00, 19.30 Сериал «Три в одном»
13.00 Т/х «Тақиясыз періште»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00, 00.00 Х/ф «Широко шагая»
17.30 Х/ф «Пеле: Рождение легенды»
22.30 Т/х «Аяла мені»
23.30 Т/х«Жорға»
02.30 Сериал «Психологини»
03.00 «Тамаша»
04.30 Т/х «Япырай»

Открылось наследство после смерти Жанабаева Идриса, умершего 25 декабря 2021 года. Наследникам обращаться к нотариусу Бекішбаеву А.С., город Талдыкорган, улица Шевченко, дом 146/4, телефон: 41-37-73, в течение одного месяца со дня выхода обьявления в газету.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҒИБРАТ

ЖАҚСЫҒА ӘЛЕМ ӨЗ ҮЙІ

– Бақыт, қайда барасың? – Ата-анасын сыйлаған, Ұйымшылдық ойлаған, Тату жанға барамын, – деген Қабан жыраудың өсиет-өлеңі өмірдің мәні сыйластықта екенін білдіреді. Бақыт татулық пен тыныштыққа құмар екені даусыз. Ел-жерді аралап жүргенде татулығы жарасқан отбасыны көрсек газет арқылы көпке үлгі еткіміз келіп тұрады. Көксу ауданына қарасты Алғабас ауылында Тастанды атаның ұрпақтары тұрады. Шаңыраққа құт қонып, бақ дарыған. Бүгінде әулеттің берекесі Захан апа. Ол тоқсанның сегізіне келді. Екі дәуірдің куәсі. Көргені мен көңілге түйгені көп. Көре-көре көсем болған. Жақсыны да жаманды да бастан өткеріп, абыз қарияға айналған. Қыз-келіншектердің бет түзер темірқазығы. Апа 11 құрсақ көтерген. Бүгінде немере-шөбересімен бір қауым ел.

Захан Бексейітқызы бір шаңырақтың үлбіретіп баққан жалғыз қызы. Әкесі сол кезде басшылық қызметтер атқарған. Ол өзі 15 жасынан пошташы болған. Ел-жұртқа газет-журнал тасыған. «*Кеңес өкіметі кезінде халық оқымысты еді. Кешке отырып соларды сараптағанда атынан шатасатынмын. Ол кездегі адамдардың оқуға, білуге, жаңалыққа жаны құмар еді. Ел күтіп қалмасын деп газет тасуға таң алакеуімдене шығамын*», – дейді апа замандастарының болмысын еске түсіріп.

Захан қыз 1945-жылы Тастанды есімді жігітпен бас қосып, босаға аттайды. Әкесі қызын ат шаптырып, той жасап ұзатады. Біреудің еркелетіп, бетінен қақпай, еркін өсірген қайсар қызы жаңа шаңыраққа тез бейімделеді. Жары Тастанды өмір бойы ұжымшарда бухгалтерлік қызметті атқарады. Ол ішімдік ішпейтін, шылым шекпейтін, өте кірпияз кісі болған. Тастанды ағаның еңбекқорлығын көзі көрген ауылдастары әлі тамсана айтады. Есігінің алдында көлденең шөп жатпайды екен. Уақытын да тиімді пайдаланады. Ерте тұрып, кеш жатады. Бос сөз, бос жүрісті ұнатпаған. Қос бәйтерек балаларын өтірік айтпауға, ешкімнің ала жібін аттамауға, адам баласына қиянат жасамауға тәрбиелейді. Енесімен жиырма жылға жуық бір шаңырақтың астында тұрған. Ол бұрын-соңдының жолымен Жақсыбала есімді қызын енесінің бауырына салып береді. Қызы бұл кісіні «жеңеше» деп атап кетеді. Әркімнің тәлейіне әртүрлі тағдыр жазылады ғой. Сол Жақсыбала ержетіп, ортаншы қыз Гүлсараны бауырына салып алады. Гүлсара бүгінде екі отбасының да шамшырағы. Қос ананың абыройын асырып, үмітін ақтаған асыл текті ұрпақ. Елдің білім саласы мен балалар тәрбиесіне өндірімді еңбек етуде. Көксу ауданының білім бөлімін басқарып, аудандағы жаңашылдықтарға атсалысты. Бірнеше оқу ғимаратының ірге көтеруіне ұйытқы болды. Алматы қаласындағы Алатау ауданы әкімінің әлеуметтік салаға жауапты орынбасары қызметін атқарды. Бүгінде облыстық білім басқармасында жауапты қызметте. Оқу, білім саласына байланысты дерек керек болса журналистер қауымы көбінесе Гүлсара Тастандықызына хабарласады. Себебі ол өз ісінің нағыз білгірі. «Тоғыз ұлым бір төбе, Ер төстігім бір төбе» дегендей, Захан апа ер мінезді Гүлсарасының еңбекқорлығына риза. Бұл әулетте інісі Әбдіразақ, сіңлісі Гүлшат та Гүлсараның жолын қуып білім саласында еңбек етуде. Қос ананың тілеуі мен елдің батасы оған күш-қуат сыйлағандай. Ол Кеңес өкіметі құрамынан шыққаннан кейін өңірде қазақ тілінің қайтадан мәртебе алуына атсалысты. Облысқа танымал тілші ағаларымен бірлесіп Талдықорған өңірінде қазақ тілінің өркен жайып, мекемелер іс-қағаздарын қазақша жазып, жұмыс істеуіне барын салды. Оның бастаған бастамасы әлі күнге дейін өміршеңдігін жоғалтпауда. Тіл мәселесі өзектілігін еш уақытта жоймайды. Ол халықтың жаны. Ендеше, Гүлсара қозғаған өзекті мәселелер ел ертеңі үшін маңызды.

Захан апа ақылдың кеніші. Отбасы тәрбиесі жайлы сөз қозғағанда әр сөзін «Ер сыйлаған есікте отырмайды» деп қорытындылайды. «*Мен Тастандының үйі деп табалдырық аттағанның барлығына жайылып жастық болдым. Үлкеніне ет асып, асығысына шәйімді дәмдеп беріп, аттандырдым. Шалым өте мейірімді жан еді. Еңбекақысын маған алып келіп беретін. Мынаны өзің жаратшы. Мен ұқсата алмаймын» деп тапқанын қолыма ұсататын. Үйдің жанында жайнатып бақша егеміз. Мал асырадық. Тауық-қаз деген өріп жүретін. Шалым таңертең жұмысқа кетіп бара жатқанда екі қазды сойып береді. Ал мен таңертең сиырды сауып, өріске жіберген соң бақшаға кіріп, бүлдірген теріп, дастарханға әкеліп қоямын. Ұл-қызымды оятып, шәйларын беріп, сабаққа аттандырған соң сүт тартып, май шайқаймын. Содан кейін әлгі екі қаздың жүнін жұлып, тазалап, түскі ас әзірлеймін. Балалар сабақтан келгенде картошка қосып, алдыларына қоя қоямын*», – дейді апа қимас шағын еске алып. Апа дастарханнан құрт-май, ірімшік, тары үзбеген жан. Бәрін өз қолымен жасаған. Тастанды аға соғыс ардагері. Майданнан келгеннен кейін ел экономикасының өркендеуіне үлес қосып, ұжымшардың есеп-қисабын реттеу жұмысымен айналысқан.

Екі мыңыншы жылдың басында елді мекенге Қытай елінен қандастарымыз көптеп көшіп келеді. Сол кезде Тастанды аға сырттан келгендерге кезек-кезек ерулік беріп, елім деп келді ғой деп іш тартқан екен. Біріне жұмыс тауып беріп, бірінің бала-шағасына көмектесіп, алғысқа кенеледі. Тастанды аға мен Захан апа «Жалын», «Жұлдыз», «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», «Балдырған», «Вокруг света», «Человек и закон», «Работница», «Крестиянка», деген журналдарды үзбей алып оқыған. Балларын да ілім-білімге осылайша тәрбиелеген. Тастанды ата 2004 жылы 82 жасында қайтыс болады. Сонда көрші-қолаң, сыртан келген ағайын бір кісідей қызмет етіп, ардагерді арулап аттандырады. Содан бері 9 мамырда көрші-қолаң, балалар мен немерелер қарашаңыраққа жиналып, аталарына құран оқытып, апаны мерекемен құттықтайды. «*Шет елде оқыған балаларым сол жақтан орамал, көйлек әкеліп береді. Аллаға сансыз шүкір. Барлығы жақсы. Немерелерімнің көбін өзім бақтым. Солардың қалқайған бойын көргенімнің өзі бақыт*», – дейді ғасырға жуық жасаған ана. Ұл-келіндері апаны мәпелеп бағып отыр. Мереке күндері соғыс ардагерінің отбасы, тыл еңбеккері деп ауыл әкімдігі құттықтап, сый-сияпатын әкеліп, ән салып, шаңырақты шатыққа бөлейді. Жақын жерде той-жиын, мәзір болса ауылдастары апаның сыбағасын үйге әкеліп тастайды. «*Мен құдайдан ғана қорқамын. Барлығы өзімнің балаларым. Апалаған ел-жұртыма алғысым шексіз*», – деп ағынан жарылады кейуана. Күндіз-түні балаларының амандығын тілейді. Ұзақ жасаудың сыры ешкімге қиянат жасамау, үлкен кішімен сыйласа білуде деп барша жұртқа ақылын да арнады. Қалқайып отырған кейуанаға бақуатты ғұмыр тіледік. Бала-шағаның қызығына тоймай, ұрпағыңыздың қуанышына кенеле беріңіз демекпіз.

Гүлжан ТҰРСЫН

ЖЫР ДӘПТЕРІНЕН

ҚАЛМАСЫН ТАРИХТА АЙТЫЛМАЙ СЫР

Майданда қанын төккен боздақтарды,
Қалайша ұмытамыз арнамай жыр.
Ұрпақ оқып, біліп жүрсін тарихты,
Жасырмайық бастан өткен қиындықты.

Үрей туып, соғыс өрті жағылдығой,
Ерлері батыс жаққа сабылдығой,
Солдат болып барасың деп соғысқа,
Үй басына повесткалар ағылдығой.

Күңіренді бала шулап, ана боздап,
Қосылған кеше ғана жас жұбайлар,
Қоштасты көздерінен жас сорғалап.
Осылай ауыл үсті тұмандады,
Боларын бұндай істің кім аңғарды.

Сұм соғыс шираттығой бар халықты,
Балалар ұмыттығой балалықты,
Аталармен бірге жүріп, көмей байлап,
Келін боп керілу жоқ әйел затта.

Белін буып, балағын түріп жүріп,
Су байлап, жалаң аяқ әр құлақта.
Күрекпен жалаң аяқ су суғарып,
Ұйықтамай күндіз-түні түсі қашып.

Босқындар келіп жатыр Батыс жақтан,
Фашистер қырып-жойып елін шапқан.
Неміс пен Әзірбайжан, Шешен келіп,
Қазақтың кең жерінен пана тапқан.

Олар да бала-шаға, қатын-қалаш,
Байқұстар қуғын көрген, аш-жалаңаш.
Әр үйге төрттен-бестен бөліп алып,
Көмекке киім бердік, ішерге-ас.

Еңбекқор болады екен неміс халқы,
Тәртіпті болады екен мінез-салты.
Күндіз-түні жан аямай еңбек еткен.
Жеміспен көтерілді жердің нарқы.

Толтырды ауылдастар ақ бидайды,
Жеміс-жидек өсірді келген достар,
Шешендер бет-бетімен кетті қашып,
Ауылдың тұрмысына болмай құштар.

Түзелді біздің елдің күн көрісі,
Төгілген арқасында маңдай тердің.
Топырағына ата-ананың тері сіңген,
Жерінен айналайын қазағымның.

Топырағына жасын төккен аналарым,
Құмында ізі қалған бабалардың,
Келмейді-ау қайта айналып туған жерге,
Өмірден бақи болған ағаларым.

Қырық бесінші жылда келді жеңіспенен,
Соғыс бітті орасан қан төгіспенен.
Халықтың қақ жартысын қырса-дағы,
Зәрлі Сталин Гитлерге беріспеген.

Келмеді талай адам үмітті үзіп,
Сонда да қия алмаймыз күндер үзіп,
Бала қалған боздақтардың оты жанып,
Аналар тәубе етті көзін сүзіп.

Соғыс бітті, еліміз ес жинады,
Боздақтар орны толмай сол – қинады.
Жанұясын құрметтеп туған-туыс,
Қаңғыртып жібермеді ешбір жанды.

Ауылда жас көрінің тілегі бір,
Қаны бірге болған соң, жүрегі бір.
Балалар азамат боп, семья құрды,
Көкірегінен аналардың жуылды кір.

Ұрпақтар оқып жетіп, өркендеді,
Кешегі жас балалар ел биледі.
Балалар әкесінің ізін басып,
Аналар немере сүйіп, әлдиледі.

Мұны айтып, кейінгіге үлгі етеміз,
Ертең-ақ бұл өмірден біз кетерміз,
Бірігіп, кейінгі ұрпақ тату жүрсін
Көрмеген жас балалар қайдан білсін.

Тарихта ағаларым ұмытылмасын,
Азырақ дерек жидым көрген жайдан,
Аруағына бағыштадым, бақи болған.

Болат ТОПАШЕВ
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

ЖАСТАР АРАСЫНДА кадрлық резерв жасақталуда

Ұлы-Жібек жолының бойында орналасқан, Қытай мемлекетімен иық тіресіп тұрған Панфилов ауданының жер көлемі 10,6 мың шақырым болса, аудан тұрғындарының саны 129 204 бұл (2019) жылғы көрсеткіш. 1928 жылы іргесін қалаған аудан экономикасы нарықтық жүйеде қарқынды дамып келеді. Советтік дәуірде жүгері баптаудан одаққа аты тараған аймақта шаруалар үшін негізгі күн көріс көзі мал мен жүгері. Сәні мен салтанаты жарасқан өңірге атбасын бұрып, аудан әкімі Марат Рақымбердіұлы Сағымбаев мырзамен жолығып, сұхбаттасудың сәті түсті.

– Құрметті Марат Рахымбердіұлы, Панфилов ауданына әкім болып тағайындалғаныңызға 100 күн толды. Яғни, үш ай мерзім. Осы өңірдің төл перзенті ретінде сіз бесінші әкім екенсіз. Сізге дейін ауданды басқарған кеңестік жүйеден бастап есептесек, бірінші хатшы қызметін Ғалым Тұрғамбаев, Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін Әділшайық Ыбыраймолдаев, Ермек Келімсейітов, Бердаулет Абдуллаев абыройлы еңбек етті. Бұған дейін сан-салалы қызметтер атқардыңыз. Жұмысыңызды неден бастадыңыз? Осы уақыт аралығында не көрдіңіз, не түйдіңіз?

– Рахмет, Айтеке! 28 маусым – Байланыс және ақпарат құралдарының кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Ел мен биліктің арасында алтын көпір болып, бізге жетпей жатқан кейбір мәселелерді шешуге атсалысып жатасыздар. Төртінші билік өкілі ретінде Президентіміз биылғы Жолдауында «Бұқаралық ақпарат құралдары бәсекеге қабілетті және еркін болуы керек. Бұл қағидат қазір кез келген өркениетті ел үшін айрықша маңызды. Отандық ақпарат құралдарының Қазақстанда, өңірде және әлемде болып жатқан үдерістер туралы өз көзқарасы болуға тиіс» деп атап өткен болатын. Әрқашан осы үрдістен таймай, ел игілігі үшін еңбек ете берулеріңізді тілеймін. Сіздерге шығармашылық табыс тілеймін. Өзің де осы өңірдің түлегісің. Ауданның өсіп-өркендеуін көзіңмен көріп, қаламыңа арқау етіп келе жатқан кәнігі мамансың. Мәселе, ауданға кімнің келіп, кімнің кетіп жатқанында емес. Келген басшы не істеді, артында қандай із қалдырды деген сұрақтар аудан халқының көкейінде жүрген сауал. Әрине, әр өңірді өз азаматтары басқарғанға не жетсін. Себебі олар ауданның ішкі жағдайын жетік біледі. Ғалым Тұрғамбаев, Әділшайық Ыбыраймолдаев бірі кеңестік дәуірде, бірі тоқырау замандарында ел басқарды. Бөліп-жарып айтатын болсақ, Әділшайық аға жоқтан бар жасады. Нарықтық жүйеге көшкенде, ауданды шашау шығармай, дүние талан-таражға түсіп жатқанда, ауданға қызылша өндіртіп, оны Қытайға өткізіп, ел-жұртқа нарықтық жүйенің не екенін ұғындырды. Мен өзім де осы Әділшайық ағаның тәрбиелеген кадрымын. Ермек Келімсейітов те, Бердаулет Абдуллаев та аудан экономикасына сүбелі үлес қосты. Енді, біздің міндет, жергілікті кадрларға жіті мән беру. Әкім болып тағайындалғалы үш ай уақыт өте шығыпты. Ауданның жағдайымен бұрыннан таныспын. Аудан тізгінін қолға алғанға дейін де осында жұмыс істедім. Ел басқару – өте үлкен жауапкершілік. Халықтың қолдауы мен ықыласының арқасында бұл қызметке білек сыбана кірістім. Ең бірінші өңірдегі мектептерді араладым. Күн сайын таңертең ерте жалғыз өзім мектептерге барып, оқушылармен сөйлесіп, білім ошақтарының жай-күйіне қанық болдым. Сонымен қатар әкім болып тағайындалар алдында Мемлекет басшысы әкімдердің халықпен кездесу тәртібін реттейтін жарлық шығарды. Сол негізде бірден ауылдық округтерді аралап, халықпен кездестім. Бір айдың ішінде қала және 13 ауылдық округ оған қарасты елді мекендерді түгелдей араладым. Бұл әкім болып енді тағайындалған мен үшін үлкен септігі тиді. Ауыл тұрғындарының өтініш, пікірлері мен ұсыныстарын тыңдадым. Көтерген мәселелерін тізіп, ауданның проблемалық карталарын жасап, алда атқаратын жұмыстарды жоспарладық. Көрген түйгенімнен атқаратын шаруа көп екенін түсіндім. Мәселен, біздің ауданда мектептердің жағдайы өте нашар. Көбісі күрделі жөндеуді немесе жаңасын салуды қажет етеді. Сонымен қатар білім сапасы да кенже қалған. Басты мәселе осы саланы жандандыру керек. Балалар жаңа, қолайлы мектепте сапалы білім алуы тиіс. Біз қазірдің өзінде осы бағытта жобалар әзірлеп, жұмыстар бастадық. Орайы келгенде айта кетейін Басқұншы ауылында 300 орынды мектеп, Шежін ауылында 60 орынды, Бөрібай би ауылында 110 орынды мектеп салынуда. Сарыбел ауылында Көбіков атындағы орта мектепке күрделі жөндеу жүргізілуде. Бұйырса Головацкий атындағы және Білал-Назым атындағы орта мектептерге және Кішішығаң ауылындағы орта мектептерге күрделі жөндеу жүргіземіз. Оған қажетті құжаттар дайын. Ал, Жаркент қаласындағы Крупская, Хамраев және Жамбыл атындағы орта мектептерге биыл газ кіргізуді жоспарлап отырмыз. Жылыту маусымы басталғанда мектептер газбен жылытылатын болады. Жалпы, жұмыстың әр күні халықпен тілдесіп, сол кісілердің пікіріне құлақ асудан басталады. Сол негізде ары қарайғы жұмысымыз жоспарланады.

– Ауданның экономикасының дамуы қай деңгейде? Білім саласындағы олқылықтарды айттыңыз. Кездесу барысында ауыл тұрғындарының көтерген басты мәселелері баспана, ауыз су, көше жолдарын жаңғырту ма, жоқ, басқа да мәселелер бар ма?

– Өте орынды сауал және ауыл тұрғындарының қойған талабының дәл үстінен түстіңіз. Экономика өрлеген жерде, халықтың тұрмыс ахуалы да оңалады. Өзің білесің, Панфилов ауданы Талдықорған облысы болып тұрғанда Республика тұрмақ, одаққа аты шыққан аудан болатын. Ол дәуірдің тарихы бір бөлек. Қазірде қатардан қалып тұрған жоқ. Заман ағымына қарай ілгерілеп келеді. Соңғы екі жылдағы пандемия өңірлерде дамудың барлық сатысын кейіндетті. Ауданның биылғы жыл басынан бергі даму көрсеткіштері өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда жоғарылады. Мысалы, тұрғын үйлерді іске қосу бойынша 18,3 мың шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілді. Бұл 2021 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,1 мың шаршы метрге артық. Жақында Жаркент қаласында 120 пәтердің құрылысы басталмақ. Қазір құрылыс жұмыстарына дайындық жүргізілуде. Бұйырса келер жылы көктемде халық игілігіне беретін боламыз. Бұған қосымша Жаркентке тағы да 120 пәтер салу үшін 1 млрд. 232,8 млн. теңгенің қаржысын бөлгізуге қол жеткіздік. Қазіргі сәтте мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Тұрғын үй демекші, Нұркентте салынып жатқан үйлердің кілтін алдағы уақытта кезегі келген тұрғындарға табыстайтын боламыз. Өңірде баспанаға кезекте тұрғандар саны 4500 дей адамға жуықтады. Біз аудан тұрғындарын қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында Жаркент қаласында жоғарыдағыдан бөлек қосымша 120 пәтерлі тұрғын үйге және Нұркентте сегіз 60 пәтерлі тұрғын үйді жобалауға қаржы бөлгіздік. Бұл да алдағы уақытта тұрғындар үшін игілікті іс болмақ. Сондай-ақ, жақында Жаркент қаласындағы 12 көп қабатты тұрғын үйге блоктымодульды жылыту қазандығын іске қосамыз. Бұл да ұзақ уақыттан бері келе жатқан тұрғындардың өтініші болатын. Сонымен қатар өңірде өнеркәсіп өндірісінің көлемі осы жылдың 5 айлық қортындысы бойынша 11,3 млрд. теңгеге өнім өндірілді. Бұндай цифрлардың көбін келтіруге болады. Жалпы өзгеріс біртіндеп болатын нәрсе ғой. Президент биылғы Жолдауында Жаңа Қазақстанды құруда бізге ешкім сырттан келіп ештеңе жасап бермейді, барлығына халықтың қолдауымен жетеміз деген болатын. Бәріміз туған жерімізге бір кісідей атсалысып еңбек етсек, әрқайсымыз өз жұмысымызға адал әрі жауапкершілікпен қарайтын болсақ, барлығын өзгертеміз. Жоғарыдағы сұрағыңыз бойынша тұрғындар көтерген мәселені шешу үшін ең бірінші қаражатқа келіп тіреледі. Жақында облысымыз екіге бөлінді. Жетісу облысы әлі толықтай жасақталған жоқ. Осы орайда кейбір жағдайларда қаржының кешеуілдеп бөлінуі мүмкін. Бірақ біз оған қарамастан инвесторлар мен кәсіпкер азаматтардың көмегімен жұмыстарды жалғастырып жатырмыз. 1 мамыр Бірлік күні қарсаңында баспанаға мұқтаж екі отбасыға кәсіпкерлердің қолдауымен баспана алып бердік. Оқу жылының аяқталуы қарсаңында 115 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға планшет басқа да материалдық тұрғыда көмек көрсетілді. Президент тапсырмасына сәйкес өңірлерде инвесторлық жобамен алып, пайдаланылмай жатқан жерлерді біртіндеп аудандық жер қорына қайтарудамыз. Бүгінде 12 мың гектарға жуық жер толықтай қайтарылды. Тағы өзге де пайдаланбай жатқан жерлерді қайтару жұмыстары жүргізілуде. Конституцияны өзгерту бойынша жалпыхалықтық референдум осының айғағы. Өйткені ҚР Конституциясының бұрынғы 6-бабы 3-тармағында: «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады» делінсе, жаңа түзетулер бойынша «Жер және жер қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені, норма нақты және келісімді түрде бекітілген. Меншік құқығын халықтың атынан мемлекет жүзеге асырады» – деп өзгертілді. Бұдан бөлек ұзақ уақыттан бері шешімін таппай келген Жаркент-Шолақай жолы жасалуда. Бұйырса қыркүйек айына дейін толық бітеді. Ал Көктал-Жаркент-Қорғас жолын жасауға тапсырысты «Қазавтожол» ұлттық компаниясы береді. Алла бұйырса, олар жаз айында бастаймыз деп отыр. Сонымен қатар Қоңырөлең ауылдық округіне қарасты Сарытөбе ауылына кіре беріс жолы жасалынды. Бөрібай би ауылының кірме жолы енді басталса, Ынталы ауылына апаратын жолдың қажетті құжаттары жасалынды. Алдағы уақытта ол да жасалынатын болады. Жаркент қаласында 3,1 шақырым Қонаев көшесіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұндай жөндеу жұмыстары өзге ауылдарда да жүргізілуде.

Жалпы келер жылға тұрғындардың пікірін ескере отырып өзектілігіне қарай 22 елді мекеннің көшелері жасалынады. Бұлардың барлығы ұзақ уақыттан бері шешімін таппай келе жатқан мәселелер болатын. Аудан үшін тағы бір өзекті мәселе ауыз су бойынша өңірдегі 42 елді мекеннің ауыз су жағдайымен толықтай таныстым. Шолақай, Керімағаш ауылдарының ауыз сумен жабдықтау жүйесін жаңғырту және салу бойынша қаржысы толықтай шешілді. Алдағы уақытта Надек, Еңбекші, Қырыққұдық, Ынталы, Көктал ауылдарының ауыз су мәселесін шешу үшін жобалық-сметалық құжаттар жасалынуда. Бұйырса бұл мәселе де ретімен шешілетін болады.

– Экономика өз алдына бір сала. Ол өркендесе аудан бюджетінің қоржыны да қомпаяды. Мұның бір бұрышы кәсіпкерлікке барып тіреледі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Бұл бөлек әңгіме. Қазір қоғамда ақсап тұрған саланың бірі идеологиялық ахуал, дем жетпей талықсып тұр. Осы бағытта не айтасыз?

– Бұл сауалды жалпы республика бойынша алып қарасақ өте орынды болар еді. Нарықтық жүйеге көшкенде, «әуелі экономика, содан соң саясат» деген ұран болды. Сол бағытта жұмыстар атқарылды. Идеология екінші қатарға сырылды. Енді, міне соның нәтижесін көріп отырмыз. Сталиннің кезінде «іс тетігін кадр шешеді» деген тәлім қалған. Сол кадр тапшылығы идеологияда анық байқалуда. Осы олқылықтардың орнын толтыру үшін әкім болып тағайындалған сәттен бастап қолға алынды. Ауданда ауқымды іс-шараларды көптеп өткізудеміз. Бұның идеологиялық мәні зор. Пандемиядан кейін араға екі жыл салып орталық алаңда Наурыз мерекесін тойладық. Халықтың ыстық ықыласын, мерекені сағынғанын көрдік. Көппен болатын іс-шара ең әуелі көп ұлтты Жазиралы Жаркент жұртының бірлігін нығайтып, береке, ырысын арттырды. Біз сол үшін әр мерекені елмен бірге ауқымды түрде өткізіп келеміз. Демалыс күндері орталық алаңда тұрғындардың көңілді демалысы үшін аудандық мәдениет үйінің қызметкерлері концерттер өткізді. Бұдан тысқары бұқаралық спортты дамытуға ден қойдық. Республикалық, облыстық, түрлі жарыстар өткізілуде. Жақында бұрын соңды болмаған қазақтың ірілігін, білектілігін көрсететін «Толағай» сайысы республикалық деңгейде өтті. Бұйырса алдағы уақытта Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, «ҚР Білім беру ісінің үздігі», «Панфилов ауданының Құрметті азаматы», ақын, сазгер, ұстаз Тоқбай Исабековтың туғанына 90 жылдық, ал қазақ көгінде құйрықты жұлдыздай ағып өткен, ғұмырлы айтыскер ақын Жандарбек Бегімбетовтың 60 жылдық мерейтойлары атап өтілмек. Қазірдің өзінде бұған дайындық жұмыстары басталды. Тағы бір айта кететін ерекше мәселе өңірлердегі мектеп пен елді мекен, көше атауларын өзгерту жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, Крылов атындағы орта мектепті – Рахымжан Қошқарбаев, Төменгі Пенжім орта мектебін Қазыбек би, Пенжім орта мектебін Мұхамеджан Тынышбаев, Шежін орта мектебін Шәкен Айманов, Крупская атындағы орта мектепті Сабыр Рақымов, Еңбекші орта мектебін Әл-Фараби, № 6 орта мектепті Тұрар Рысқұлов, Нағарашы орта мектебін Ахмет Байтұрсынов, Садыр орта мектебін Салқам Жәңгір, Ават орта мектебін Төле би, Алтыүй ауылындағы спорт кешеніне Ыбырайымжан Қожахметовтің есімдерін беру үшін тиісті құжаттар облыстық ономастика комиссиясына жолданды. Сондай-ақ Лесновка ауылының атауын «Талды», Пенжім ауылының атауын «Атамекен» деп өзгерту жөніндегі ұсыныстар мен Жаркент қаласындағы бірнеше көшеге Нұрбек бидің, ауыл шаруашылығы өндірісінің озық ұйымдастырушылары Ыбырайымжан Қожахметов пен Нүсіпбек Сауранбаевтың, жауынгер-интернационалистер Шыңғыс Сәтқалиев пен Евгений Куликовтың есімдерін беру туралы ұсыныс жіберілді.

– Мұны идеологиялық үрдістің бір тармағы делік. Тәлім-тәрбие, тағылымдық мәні бар. Оның ішінде халықтар достығы ерекше орын алады. Ауданда 35 ұлттың өкілі тұрады. Ұлт пен ұлыстың татуластылығын ұйыстыратын да идеология. Оған білікті кадр қажет. «Жаңа сыпырғыш жаңаша сыпырады» деген тәмсіл бар. Кадрлық ауыс-түйіс жасап жатырсыз ба, үш айдың ішінде ауыл әкімінен бастап аудандық деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлердің іскерлігі сұрыпталған шығар?

– Жоғарыдағы істердің барлығы осы азаматтардың қолдауы мен біліктілігінің арқасында жасалынып жатқан іс. Қазақта «Жалғыз ағаш орман болмас, жалғыз адам қорған болмас» деген мақал бар. Иә, үш ай айналаңды толық танып алуға аз да, көпте мерзім емес. Алайда сөз басында айтқандай білім саласындағы олқылықтарды сізге ашық айттым. Кадр мәселесі өте түйткілді мәселе. Мен кадр саласына қатысты ауданда жастар арасынан кадрлық резерв жасақтауды тапсырдым. Жақында білім саласының жас ұстаз, мамандарымен кездесіп осы кадрлық резерв бойынша жиын өткіздім. Білім саласын жандандырып, мектеп директоры болуға басқа салада жетекші болуға мүмкіндік барын жеткіздім. Біздің арамызда заманауи ойлайтын, тәжірибелі мамандар көп. Олар кез келген саланың жілігін шағып, майын іше алатын білімді жастар. Біз соларды сұрыптап, ел үшін еңбек етуге баулуымыз қажет. Алдағы айда Жаркент қаласы мен Көктал, Үлкенағаш, Сарыбел және Айдарлы ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өтеді. Мемлекет басшысы биылғы Жолдауында Сайлау үдерісін жаңғырту туралы баса айтты. «Сондай-ақ аудандар мен қалалардағы сайлауды толығымен мажоритарлық жүйеге көшіруді ұсынамын. Бұл жүйе жергілікті жерде бәсекелі саяси орта қалыптастырады. Оған қоса, елдің алдында беделі бар жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады» деді. Осы негізде жоғарыдағы қала және үш ауылдық округінің әкіміне ел ісін білетін, беделі бар, халықтың мүддесін бәрінен биік қоя алатын азаматтарды сайлауға тұрғындардың толықтай құқығы бар. Жалпы кадрлық мәселе осындай халықтың таңдауымен шешілгенін өз басым құптаймын. Ал, ауданның идеология саласына Қанат Досмайылов деген азамат тағайындалды. Бұған дейін «Аманат» партиясы филиалының хатшысы болған. Мемлекеттік қызметте қалыптасқан пісіп-жетілген, сан салалы қызметтер атқарған, сенім үдесінен шығады деп үміт артып отырмын. Идеология ол қылдан да нәзік дүние. Үлкен аудан, тоғыз жолдың торабына орналасқан, жібек жолдың бойында. Келімді-кетімді жолаушы көп. Іргеде тиіп тұрған Қытай мемлекеті бар. Кеден бекетіне келушілер көп. «Мал аласы сыртында, адам аласы ішінде» дегендей, солардың бәріне қырағылық көзбен қарау біздің міндетіміз. «Бүйректен сирақ шығарғысы» келетін телітентектер өз ішімізден де табылады. Солардың алдын алып, береке мен ынтымақты уағыздап, елді ұйыстыратын басты құрал ол идеология. Осы бағытта жаңаша жұмыстар жасалатын болады. Ол үшін білім, спорт, әдеп-ғұрып, салт-дәстүрге сүйеніп тәлім мен тәрбиені ұштастыру қажет. Бүгінгі қоғамға осы ауадай қажет.

– Төле би бабамыз: «Әкім бол халыққа жақын бол» деп өсиет айтып кетті. Осы қағиданы сізде жадыңыздан өшіріп алмасаңыз – деген тілегіміз бар. Халықтан алшақтаған басшы абырой таппайтынын көріп-біліп жүрсіз. Преидент Қасым-Жомарт Тоқаев та әкімдерге халықпен жиі жүздесуді тапсырды. Аудан экономикасын қарыштатсам, болашақта мынандай істерді жүзеге асырсам деген жоспарларыңыз бар шығар?

– «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» деген мақал бар. Әрине көңілге түйіп жүрген біраз дүниелерім бар. Оны «Асатпай жатып құлдық» деп қазірге жария қылғым келмейді. Рет-ретімен уақытында бола жатар. Сенім артып осы қызметке тағайындалғаннан кейін менде өз қарым-қабілетімді көрсетуім керек қой. Қыруар жұмыстар бар. Инвестиция тарту басты талап. Ауданда қордаланып қалған біраз шаруа бар, солардың күрмеуін шешіп алсақ, бұл басты жоспар. Не жасасақ та халықтың мүддесі үшін жасалады. Халық бар жерде – мәселе де, сұраныс та болады. Азаматтар бір-бірін қолдап, «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсақ», алынбайтын қамал жоқ. Дала аруы атанған жүгері, мал шаруашылығы, әлеуметтік сала, денсаулық, білім, спорт, ұшын тартсаң тарқатыла беретін жіптей таусылмайтын, атқарылатын істер көп. Алла бұйырса, қол жеткізген жетістіктерімізге ақпарат құралының өкілі ретінде өзіңізді де шақырып, жақсылығымызды жария етуге атсалысады деп ойлаймыз?

– Сұхбаттасуға көңіл бөлгеніңізге көп рахмет! Еңбегіңіз жемісті болсын!

Айтақын МҰХАМАДИ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗНАЙ НАШИХ!

САМАЯ ЮНАЯ ЧЕМПИОНКА МИРА ФИДЕ

ТОКАЕВ ПОЗДРАВИЛ САМУЮ МОЛОДУЮ ЧЕМПИОНКУ МИРА ФИДЕ МАЛИКУ ЗИЯДИН

Президент К. Токаев направил поздравительную телеграмму самой молодой чемпионке мира ФИДЕ Малике Зиядин, передает Tengrinews.kz со ссылкой на сайт Акорды.

«Безусловно, достойно выступить в соревнованиях среди детей до семи лет и завоевать два титула — уникальное достижение в истории шахмат Казахстана. Ты покорила эту высокую вершину благодаря своему природному таланту и стремлению к победе. Уверен, что ты с честью продолжишь славный путь казахстанских мастеров шахматного спорта», – говорится в поздравительной телеграмме.

Президент пожелал Малике Зиядин новых и ярких побед в будущем. Чемпионат мира по шахматам среди школьников состоялся с 10 по 19 июня в столице Панамы. Юной шахматистке удалось завоевать сразу два титула: чемпиона и чемпионки мира по шахматам в возрастной категории до 7 лет. Это первый случай в истории казахстанских шахмат. Всего в турнире приняли участие 36 молодых шахматистов, где каждый из спортсменов сыграл 9 партий.

По итогам чемпионата Малика выиграла все партии и набрала максимальное количество баллов – 9, опередив ближайшего преследователя – Goel Raben из США – на 2,5 очка.

ТУРИЗМ

О СИТУАЦИИ С БИЛЕТАМИ НА АЛАКОЛЬ

КАЗАХСТАНСКИЕ ТУРИСТЫ ДО СИХ ПОР НЕ МОГУТ ПРИОБРЕСТИ АВИАБИЛЕТЫ НА ПОБЕРЕЖЬЕ АЛАКОЛЯ, ИХ НЕТ В ПРОДАЖЕ. КОРРЕСПОНДЕНТ TENGRITRAVEL.KZ ВЫЯСНЯЛ, КОГДА ЖЕ ОНИ БУДУТ ДОСТУПНЫ ДЛЯ ОТДЫХАЮЩИХ.

Как поясняет Президент авиакомпании «Жетысу» Калтай Донсебаев, перевозчик не может запустить продажи из-за продолжающегося ремонта взлетно-посадочной полосы в аэропорту Ушарала.

«К 1 июля должны закончить ремонт, после чего будет составлен акт приемки в эксплуатацию, проведена сертификация аэродрома с авиационной администрацией, а затем аэропорт откроют. То есть мы ждем, когда закончится ремонт», – отмечает он.

«Если ремонт закончат 1 июля и все процедуры по оформлению третьего числа, то с нашей стороны никакой задержки не будет. 5 июля тогда можем начать продажу билетов», – добавляет руководитель авиакомпании. Авиакомпания «Жетысу» будет выполнять субсидируемые из местного бюджета рейсы по направлению Талдыкорган – Ушарал – Талдыкорган. Стоимость авиабилета в одну сторону – 8 000 тенге. На сайте акимата области Жетісу указано, что авиарейсы в Ушарал начнут выполнять с 10 июля. *«Завершаются работы по реконструкции взлетно-посадочной полосы аэропорта города Ушарал, благодаря чему аэропорт сможет принимать самолеты типа Boeing. Планируется запустить восемь рейсов и принимать более 500 пассажиров в день»*, – отмечается в сообщении.

Как уточняют в пресс-службе акимата области Жетісу, большую часть из восьми ежедневных рейсов будет осуществлять авиакомпания «Жетысу» – от четырех до шести, в зависимости от спроса пассажиров. Еще по одному в день по направлениям Нур-Султан – Ушарал – Нур-Султан и Алматы – Ушарал – Алматы будет выполнять авиакомпания SCAT. Цена за субсидируемый республиканским бюджетом билет в одну сторону – 16 и 15 тысяч тенге соответственно.

В авиакомпании SCAT отмечают, что объявят дату запуска продаж авиабилетов только после официального уведомления аэропорта об открытии.

Что касается авиарейсов в Урджар, то, по данным акимата района, оставшиеся 10 процентов ремонтных работ также планируют завершить до 1 июля. Субсидируемые из областного бюджета рейсы в Урджар из нескольких городов Казахстана будет выполнять авиакомпания «Южное Небо». Перевозчик не располагает информацией о старте продаж билетов до окончания ремонта.

По данным ведомства, авиабилеты по направлениям Нур-Султан – Урджар – Нур-Султан и Алматы – Урджар – Алматы будут стоить по 16 тысяч тенге в одну сторону. Билеты по направлениям Семей – Урджар – Семей и Усть-Каменогорск – Урджар – Усть-Каменогорск – по 10 тысяч тенге.

СТИПЕНДИИ

С 1 СЕНТЯБРЯ ПЛАНИРУЮТ ПОВЫСИТЬ

Министерство науки и высшего образования подготовило изменения в правила выплаты и размеров государственных стипендий, передаёт BaigeNews.kz.

Обучающимся на гранте планируют с 1 сентября установить следующие размеры стипендий:

1) студентам, обучающимся в организациях образования, реализующих образовательные программы высшего образования, за исключением студентов, обучающихся по педагогическим направлениям подготовки и направлению «Здравоохранение» – 36 660 тенге;.

2) студентам, обучающимся по педагогическим направлениям подготовки в организациях образования, реализующих образовательные программы высшего образования – 58 800 тенге;.

3) студентам, обучающимся по направлению подготовки «Здравоохранение» в организациях образования, реализующих образовательные программы высшего образования – 58 800 тенге;.

4) интернам – 61 660 тенге;.

5) магистрантам – 86 987 тенге;.

6) магистрантам, обучающимся в автономной организации образования «Назарбаев Университет», – 162 500 тенге;.

7) докторантам – 195 000 тенге;.

8) докторантам по направлению подготовки «Здравоохранение» – 195 000 тенге;.

9) врачам–резидентам и магистрантам по направлению подготовки «Здравоохранение» – 100 036 тенге;.

10) магистрантам Академии правосудия при Верховном Суде Республики Казахстан, направленным на обучение из государственных органов, – на уровне должностного оклада по последнему месту работы, но не ниже размера государственной стипендии, установленного для магистрантов, обучающихся по государственному образовательному заказу;.

11) студентам, обучающимся в организациях образования, реализующих образовательные программы технического и профессионального образования по рабочим квалификациям, – 21 787 тенге.

Кроме того, выплата стипендии в полном объеме осуществляется после открытия счета в банке или АО «Казпочта». Получатели стипендии не будут оплачивать сборы/комиссии за операции по счету после заключения банками и АО «Казпочта» соответствующих соглашений.

Документ разместили на портале «Открытые НПА» для публичного обсуждения до 29 июня 2022 года.

СИТУАЦИЯ

УВЯЗШЕГО В БОЛОТЕ ОЛЕНЯ СПАСЛИ В БУРАБАЕ

В национальном парке «Бурабай» инспекторы спасли Асканийского оленя, который увяз в болоте, передает ИА «NewTimes.kz».

В спасательной операции приняли участие инспекторы Боровского лесничества. Животное постепенно погружалось в трясину, но спасателям удалось вытащить оленя на берег.

«В естественном лесу, где все происходит без вмешательства человека, создается особая организация пространства. Как хозяин, инспектор заботится о лесе, охраняет его, является покровителем лесных животных и растений. Мертвая древесина регулирует лесную экосистему, влияет на взаимоотношение зверей и растительности. Для одних видов упавшие деревья, болота – тропы, для других – барьеры. И эти барьеры помогают преодолеть наши инспектора», – прокомментировали в Нацпарке.

Накануне в Караганде дети спасли собаку, над которой издевались взрослые мужчины.

ПРОИСШЕСТВИЕ

В РЕЧКЕ УТОНУЛИ ТРОЕ ДЕТЕЙ

В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В РЕЧКЕ УТОНУЛИ ТРОЕ МАЛЬЧИКОВ 4-Х И 5-ТИ ЛЕТ, ПЕРЕДАЕТ TENGRINEWS.KZ СО ССЫЛКОЙ НА ТЕЛЕКАНАЛ «АСТАНА».

По данным телеканала, двое братьев с друзьями пошли на речку, которая находится в километре от поселка. Когда один из них стал тонуть, остальные попытались его вытащить, но не рассчитали силы. Самый старший из компании бросился за помощью в поселок. Однако когда взрослые прибежали на берег, было уже поздно. По словам спасателей, это первая гибель на воде в регионе с момента открытия купального сезона.

«Незамедлительно по поступлении сообщения наши подразделения выехали на место происшествия. По прибытии было установлено, что четверо детей без присмотра взрослых играли на берегу водоема. Трое детей утонули», – рассказал Нурлыбек Айжарыков, начальник Управления ДЧС Актюбинской области.

Ранее трое парней утонули в море в Актау. Позже стало известно, что один из погибших женился накануне трагедии.

Бейсенбі - Четверг, 7 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Жәдігер»
06.25 Деректі фильм
07.00 «TANSHOLPAN»
10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.10 AQPARAT
10.10, 18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.10, 20.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.10 «Қызық екен»
13.50 «Теледәрігер»
15.15 Д/ф «Тұлға»
15.35 «Ауылдастар»
16.10, 17.15 «Жүзігім қайда? Немесе «Гүлдер операциясы»
22.00 Т/х «Жат мекен»
23.00 «1001 түн»
00.45 «Ashyq alan»
01.30 «Теледәрігер»

ХАБАР

05.00, 01.00 Әнұран
05.00 Сериал «В чужом краю»
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит. «Коллекторы»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Көкжал-2»
15.00 «Большая неделя»
16.00 Телесериал
18.00 Мегахит «Параноя»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Үкімет»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/с «Маша и медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 «Қорғансыз ханшайым»
13.30, 02.00 «Астана кеші көңілді»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Т/х «Айнұрдың арманы»
15.35 «Bas times» шоу
16.50 Т/х «Өрмек»
17.35 Т/х «Кішкетай келін»
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25 Т/х «Диназаур»
20.00, 02.55 «Astana Times»
21.00 «Қара ниет»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.10 «Тамаша City»
06.45, 04.55 «Той Заказ»
07.15 «Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10, 00.40 Сериал «Заключение»
14.10, 02.40 «НОВОСТИ»
14.20, 02.50 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14.30 «QOSLIKE»
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «KOREMIZ»
20.00 «Главные новости»
20.40 Сериал «Группа «Zeta»
01.50 «В клетке»
03.00 «Паутина»

КТК

07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.25 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.10 Т/х «Мұңды ызғар»
09.25 Сериал «Игра: Реванш»
11.15, 23.40 «На глубине»
13.00, 21.30 «Хороший парень»
15.00, 03.15 «Көріпкел»
16.00, 02.00 «Өгей ана»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
01.20 «Меч»
04.00-04.30 Кешкі жаңалықтар

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бір туған» телехикаясы
11.00 «Бүгін»
11.30 «Мамандық маңызы»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
15.45 Инфо-блок
16.00 Новости
16.20 Инфо-блок
16.30 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Сегодня» /тікелей эфир (Жетісу)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
20.00 «Қасиетті Қонаев»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

05.58 Әнұран
06.00, 03.30 «Әзіл студио»
06.50 М/ф « Стюарт Литтл-3: Зов природы»
08.30, 00.00 Сериал «Ханшайым»
09.30 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/ф «Волки и овцы: бе-е-езумное превращение »
12.30 Сериал «Кухня»
13.10 «Полицейская история»
15.30 «Полицейская история-2»
18.00 Худ/ф «Солт»
20.00 Информбюро
21.00 Т/х «Зейнеп»
21.55 «Секретный агент»
01.00 «31 әзіл»
01.30 Сериал «Жүрек сыры»
02.30 Сериал «Базарбаевтар»
04.00 1001 әзіл
04.30 What s upp?
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдық»
06.30, 02.30 «Оян, QAZAQSTAN» Music
07.00 «Арам ақша адал махаббат»
08.00 Т/х «Гудия»
09.00, 00.00 «Шоу маска»
11.00, 19.30 Сериал «Три в одном»
13.00 Т/х «Тақиясыз періште»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00 «Гадалка»
16.30 «Женский доктор»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені»
23.30 «Жорға»
02.00 «Психологини»
03.00 «Тамаша»
04.30 Т/х «Япырай»

Жұма - Пятница, 8 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 02.25 «Жәдігер»
06.25, 10.00, 13.00, 15.00, 17.00, 20.00, 00.00 «Ақпарат»
07.00 «Таңшолпан»
10.10, 18.00 Телехикая «Гүлдер құпиясы»
12.10, 13.10, 20.30 Т/х «Ауыл мұғалімі»
13.50, 01.25 «Теледәрігер»
15.15 Деректі фильм «Мұра»
15.40 Т/х «Бақытсыздар бағы»
16.10 «Бізбен бірге»
17.15 «Қызық екен»
22.00 Т/х «Жат Мекен»
23.00«Көңіл толқыны»
00.35 «Ашық алаң»

ХАБАР

05.00, 16.00 Телесериал
07.00 «Оян!»
10.00 Мегахит «Паранойя»
12.00 Жаңалықтар
12.10 Т/х «Мезгілсіз махаббат»
13.00 Новости
13.10, 22.30 Т/х «Көкжал-2»
15.00 «Бүгін»
18.00 «Доброе утро»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Үкімет»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Келінжан»
00.00 Т/х «Егіз жүрек»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.00, 21.55 Т/х «Кеш келген махаббат»
11.20 Т/х «Қызғалдақ»
12.20, 23.50 Т/х «Қорғансыз ханшайым»
13.30, 02.00 «Астана кеші көңілді»
14.30 Т/х «Қағаз кеме»
15.00 Т/х «Айнұрдың арманы»
15.35 «Bas Times» шоу
16.50 Т/х «Өрмек»
17.35 «Кішкентай келін» түрік телехикаясы
18.30, 01.00 Т/х «Ене»
19.25Т/х «Диназаур»
20.00, 02.55 «Астана таймс»
21.00 Т/х «Қара ниет»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.00 «Тамаша сити»
06.45, 05.00 «Той заказ»
07.15«Жить здорово!»
08.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
09.00 «Доброе утро Казахстан!»
10.00 «На самом деле»
11.00 «Пусть говорят»
12.10 Сериал «Заключение»
14.10, 01.50 «Новости»
14.20, 02.05 «Жаңалықтар»
14.30 «Қослайк»
18.30, 03.45 Басты жаңалықтар
19.00 «Көреміз»
20.00 «Главные новости»
20.40 «Поле чудес»
22.05 Сериал «Отель «Феникс»
02.15, 04.15 «Паутина»

КТК

07.05, 19.30, 04.00 Кешкі жаңалықтар
07.25 Т/х «Сен мықтысың, тек алға»
08.10 «Мұңды ызғар» өзбек телехикаясы
09.25 детектив «Игра.Реванш»
11.15 «На глубине» криминальный детектив
13.00 Мелодрама «Хороший парень»
15.00, 03.15 «Көріпкел»
16.00, 02.00 Т/х «Өгей ана»
17.30 Т/х «Қара гүлдер»
20.00 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.30 Мелодрама «Судьба по имени любовь»
01.20 Криминальный детектив «Меч»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бір туған» телехикаясы
11.00 «Сегодня»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
12.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/
12.15 «Спорт-тайм»
12.20 Инфо-блок
12.30 Жаңалықтар
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 Новости
13.30 «Талқы» /тікелей эфир/
14.30 Новости
14.50 Мәдениет жаңалықтары
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Спорт-тайм»
15.30 Жаңалықтар
16.00 Новости
16.45 «Спорт-тайм»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
18.00 «Бүгін» (Алматы облысы)
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
20.00 «AgroLife»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Бір туған» телехикаясы 10-серия
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Талқы»

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 « Әзіл студио»
07.00, 05.00 «Ризамын»
07.30, 20.00 «Информбюро»
08.30 «Көмектесейік»
08.40, 00.20 Сериал «ХАНШАЙЫМ»
09.30, 21.00 Т/х «Зейнеп»
10.30 М/с «Маша и медведь»
11.40, 12.10 Сериал «Кухня»
12.50 Х/ф «Полицейская история-2»
15.20 Х/ф «Бен-Гур»
18.00 Х/ф «Секретный агент»
21.55 Х/ф «Вспомнить все»
01.20 Сериал «Базарбаевтар»
02.20 «1001 әзіл»
02.50 «31 әзіл»
04.30 What's up?

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.30, 02.30 «Оян, Қазақстан!»
07.00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
08.00 Т/х «Гудия»
09.00, 00.00 «Маска»
11.00, 19.30 Телесериал «Три в одном»
13.00 Т/х «Тақиясыз періште»
15.00, 21.30 Т/х «Қанатсыз құстар»
16.00 Сериал «ГАДАЛКА»
16.30 Сериал «ЖЕНСКИЙ ДОКТОР»
18.30 «Aibat»
19.00 «Студия 7»
22.30 Т/х «Аяла мені»
23.30 Т/х «Жорға»
02.00 Сериал «Психологини»
03.00 «Тамаша»
04.30 Телехикая «ЯПЫРАЙ»

Сенбі - Суббота, 9 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 03.05 «Жәдігер»
06.25, 20.00, 01.20 Ақпарат
07. 00 «Көңіл толқыны»
08.05, 02.20 «Дәуір даналары» деректі фильмі
08.50 «Күміс көмей»
09.30 «Әйел әлемі»
10.00, 18.00 «Гүлдер құпиясы»
12.00, 21.00, 23.30 «Qazaqstan дауысы».Балалар
14.20 «Жігіттер» тобының концерті
16.00 М/ф «Тоқаштар. Жұп-жұмыр жаһан»
17.25 «Күй-керуен»
20.20, 01.40 «Мәселе»
23.00, 23.55 Телехикая «Жат мекен»
00.15 «Әзіл әлемі»

ХАБАР

05.00, 16.00 Телесериал
07.00 Телехикая «Өз үйім»
09.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
10.00 «Таңғы fresh»
10.30 «Ән әлемі»
11.00 Кино «Мұқағали»
13.00 Т/х «Келінжан»
18.00 Мегахит «Шальная карта»
20.00 «Хит жазамыз»
21.00 «7 күн»
22.00 «Отдел журналистских расследований.Ближе к делу»
23.30 Концерт «Отаным менің»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 Мультфильм «Маша и медведь»
09.00, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.20 Концерт «Жеті ән»
13.00 Концерт «Елге сәлем»
15.10 Т/х «Диназаур»
17.30 «Шаншар»
20.00 «Әзіл кеш»
21.00 Т/х «Қара ниет»
23.35 Т/х «Қағаз кеме»
01.35 Х/ф «Әйгерім»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.45 «Той БАЗАР»
07.30 «Той ЗАКАЗ»
08.00, 03.00 «П@утина»
08.55 Сериал «Отель «Феникс»
12.45 Х/ф «Найденыш»
14.50 Х/ф «Найденыш-2»
18.30 «Айна»
19.30 «Две звезды. Отцы и дети»
21.25 Сериал «Невеста из Москвы»
01.25 Ночной кинотеатр «Сестры»

КТК

07.05«КТК қоржынынан»
07.20 Т/х«Үлкен үй»
07.45, 03.45 «Көңілді отбасы»
08.30 «Қарапайым-ханшайым»
09.40 «Следствием установлено»
11.00 Мелодрама «Судьба по имени любовь»
15.00 Х/ф «Ызғарлы көктем»
17.00, 02.20 Т/х «Аталар сөзі»
18.00 «Озат отбасы»
19.00 Концерт «Өмір-өзен»
21.00 Мелодрама «О чем не расскажет река»
00.40 Мелодрама «Меч»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир
8.50 «Спорт-тайм»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бір туған» телехикаясы
11.00 «Бүгін»
11.30 «AgroLife»
12.00 Д/ф «Джеки Чан»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Дьявол с тремя золотыми волосками» ертегісі
14.30 «Ән тыңдайық»
15.00 «Олжа»
15.30 «Қазақ үні»
16.00 «Сыр шертер»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Шашу»/тікелей эфир/
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 Д/ф «Әйгілі режиссер»
19.00 Жаңалықтар (Жетісу облысы)
19.30 Новости (Жетысуская область)
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.15 Мәдениет жаңалықтары
21.20 «Спорт-тайм»
21.30 Итоговые новости
22.00 «Қазақстанда жасалған»
22.45 «Әсем әуен»
23.00 «Майлейн ханшайым» ертегісі

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 «Әзіл студио»
07.00 «Тәтті шоу»
08.00, 20.00, 05.00 «31 әзіл»
09.00 «Күліп ал»
09.30 «Готовим с Адель»
10.00 «Bizdin show»
12.00 Кино «Согдиана
14.30 М/ф «Семейка Аддамс»
16.30 Кино «Келинка тоже человек-2»
18.30 Кино «Джуманджи:новый уровень»
21.00 Х/ф «Три икса»
23.30 Концерт «Алдараспан»
01.10, 05.30 «What's up?»
02.30 «Тамаша лайв»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.30 «Құтты қонақ»
07.00 «Туған ел» , 02.50 «Ән әлемі»
09.30 «Орел и Решка»
10.30 Сериал «Лабиринт»
14.30, 01.40 «Моя игра» реалити шоу
15.00 «Регина+1»
16.00 Т/х «Тақиясыз періште
17.15, 02.10 Т/х «Жорға»
21.00 Х/ф «Пеле: Рождение легенды»
23.00 Х/ф «Левша»

Жексенбі - Воскресенье, 10 шілде

ҚАЗАҚСТАН

06.05, 02.40 «Жәдігер»
06.25 «Ақпарат»
06.45, 01.05 «Мұра»
07.05 «Ауылдастар»
07.30, 02.10 «Күй-керуен»
08.00, 01.50 «AQSAYYT»
08.25 «Зинһар»
09.10 «Әндер мен жылдар»
10.00,18.00 Т/х «Гүлдер құпиясы»
12.00 «Қазақстан дауысы». Балалар
14.10 Мультфильм
15.30 Концерт
17.25 «Әйел әлемі»
20.00, 00.15 «Апта»
20.50 КТА
22.20 Т/х «Жат мекен»
23.15 «Әзіл әлемі»
01.25 «Ауылдастар»

ХАБАР

05.00, 16.00 Телесериал
07.00 Т/х «Өз үйім-2»
09.00 Концерт «Отаным менің»
11.00 Кино «Мұқағали»
13.00 Т/х «Келінжан»
18.00 Мегахит «Шальная карта»
20.00 «Хит жазамыз»
18.45 Концерт «Жүрегім менің»
21.00 «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.30 Т/х «Көкжал-2»

АСТАНА

06.00 Т/х «Фазилет ханым»
07.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.20, 21.55 «Кеш келген махаббат»
11.30 Т/х«Айнұрдың арманы»
14.00 «Алдараспан»
18.00, 23.35 Х/ф «Ғашық жүрек или Коктейль для звезды»
20.00 «SarapTimes»
21.00 «Қара ниет» телехикаясы
01.10 Т/х «Өрмек»
03.10 «Әзіл кеші»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.00 «Той базар»
07.20, 04.30 «Той заказ»
07.50, 02.15 «П@ytina»
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 Сериал «Невеста из Москвы»
13.00 Х/ф «Сестры»
14.40 Х/ф «Найденыш-3»
18.20 «Қаймақ»
18.55 «Добрый вечер, Казахстан!»
20.00 «Грани»
21.00 Сериал «О чем она молчит»
01.20 «Джентльмены удачи: все оттенки серого»

КТК

07.05 «Уақыт»
08.30 «Қарапайым-ханшайым»
09.20 «Юморина»
11.20 Мелодрама «О чем не расскажет река»
15.00, 02.20 Т/х «Аталар сөзі»
18.00 «Озат отбасы»
19.00 Концерт
21.00 Х/ф «Хотя бы кинода»
23.00 Меклодрама «Сашино дело»
04.00 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07.10 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Бүгінгі дін»
10.30 Д/ф «Голливуд жұлдыздары»
11.00 «Мамандық маңызы»
11.30 «Қасиетті Қонаев»
11.50 Инфо-блок
12.00 М/ф «Блинки Билл»
12.40 Д/ф «Әлем ғажайыптары»
13.00 «Әсем әуен»
13.30 «Қазақстанда жасалған»
14.10 «AgroLife»
14.30 «Ән тыңдайық»
15.00 «Дәрігер кеңесі»
15.45 Д/ф «Мәдени байлықтар»
16.00 «Көше бойында»
16.30 «Әсем әуен»
17.00 «Қазақ үні»
17.30 «Әдебиет пен адамзат»
17.50 «Ай мен күн» телехикаясы
18.30 «Олжа»
19.00 «Сыр шертер»
19.30 «ЭКО-рейд»
20.00 «Әсем әуен»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.20 «Сен және мен» концерті

31 КАНАЛ

06.00, 03.30 «Әзіл студио»
07.00, 03.00 «Тамаша live»
08.00, 02.20, 05.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ал»
09.00 «Телебинго»
09.25 «Готовим с Адель»
10.00 Кино «Келинка тоже человек-2»
12.00 М/ф «Семейка Аддамс»
14.00 Кино «Джуманджи: новый уровень»
16.50 Х/ф «Три икса»
19.20 Х/ф «Три икса-2: новый уровень»
21.20 «Біздің шоу»
23.20 Кино «Согдиана»
01.30, 05.30 «What`s up?»
03.00 «Әзілдер күнделігі»
04.00 «1001 әзіл»
04.30 «Ризамын»

7 КАНАЛ

06.00, 05.00 «Қуырдақ»
06.30 «Құтты қонақ»
07.30, 02.10 «Жұлдызым»
09.00 Шоу «Музыкальная интуиция»
10.50, 00.40 Х/ф «Разумное сомнение»
12.20 Х/ф «Левша»
15.00 «Регина+1»
16.00 «Тақиясыз періште»
16.50 Т/х «Аяла мені»
21.00 Сериал «Можешь мне верить»
03.40 Т/х «Япырай»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Ғани МҰРАТБАЕВ -120

Өлкетанушы Қараша ҚАРАМАН:

ҒАНИ ҒҰМЫРЫ – ТАРИХТЫҢ АЙТУЛЫ БІР ПАРАҒЫ

КЕШЕГІ КЕҢЕС ЗАМАНЫНДА ЖАСТАРДЫҢ БАСЫН БІРІКТІРГЕН БІРДЕН-БІР ҰЙЫМ – ҚАЗАҚСТАН КОМСОМОЛЫ ЖАСТАР ОДАҒЫ БОЛҒАНЫ РАС. ЖӘНЕ ДЕ ОНЫҢ БАСТАУЫНДА ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ 20-ЖЫЛДАРЫ СОЛ КЕЗДЕГІ ОРТА АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ РУХАНИ АСТАНАСЫ ТАШКЕНТТЕ ТКЖО-НЫ ҚҰРҒАН ҒАНИ МҰРАТБАЕВТЫҢ ТҰРҒАНЫ ДА ДАУ ТУДЫРМАСА КЕРЕК.

ЕЛІМІЗ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛҒАННАН КЕЙІН ҚОҒАМ ТҰТАСТАЙ ЖАҢА ЗАМАН АҒЫМЫНА САЙ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БЕТ БҰРҒАН КЕЗДЕ БҰЛ ҰЙЫМ КЕЛМЕСКЕ КЕТТІ. БІРАҚ АТАЛМЫШ ҰЙЫМНЫҢ ӨЗ УАҚЫТЫНДА ЖАСТАРДЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМҒА ҰМТЫЛДЫРЫП, САНАЛАРЫНА СІЛКІНІС ТУДЫРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ РӨЛІ АЙРЫҚША БОЛҒАНЫН ТАРИХ ӘСТЕ ЖОҚҚА ШЫҒАРА АЛМАЙДЫ. АНЫҒЫНДА, ҚАЗАҚСТАН КОМСОМОЛЫ ТАРИХЫНЫҢ ҚОЗҒАУШЫСЫ КҮШІ ДЕ, БЕТКЕ ҰСТАР МАҚТАНЫШЫ ДА БИЫЛ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ ТОЛҒАН ҒАНИ МҰРАТБАЕВТЫҢ ӨЗІ. БІЗ ОСЫҒАН ОРАЙ ЖАЛТ ЕТКЕН ЖАСЫН ҒҰМЫР ИЕСІНІҢ АТҚАРҒАН ЕҢБЕГІ МЕН ӨМІР ЖОЛЫНА ТАҒЫ БІР РЕТ ҮҢІЛУ МАҚСАТЫНДА, БІРАЗ ЖЫЛДАРДАН БЕРІ ОЛ ТУРАЛЫ ҚАЛАМ ТЕРБЕП ЖҮРГЕН, БЕЛГІЛІ ЖУРНАЛИСТ-ПУБЛИЦИСТ, ӨЛКЕТАНУШЫ, ҚАЗАҚСТАН ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ БӨЛІМШЕСІ ТАҒАЙЫНДАҒАН К. ТОҚАЕВ АТЫНДАҒЫ СЫЙЛЫҚТЫҢ ИЕГЕРІ ҚАРАША ҚАРАМАНДЫ СҰХБАТҚА ШАҚЫРДЫҚ.

– Аға, өзіңіз білесіз, Ғани туралы бұған дейін де зерттеуші Сейілхан Асқаровтан бастап, біраз журналистер қалам тербеді. Бір қарағанда, ол жайлы тың деректер әлдеқашан баспа бетін көрді. Ал сіздің Ғанитануға бет бұруыңызға не себеп болды?

– Мен Сыр өңіріндегі қазыналы Қазалының топырағында туып-өстім. Мектеп қабырғасында жүргенде «Комсомолдардың жетекшісі Ғани Мұратбаев» дегенді арагідік естіп жүрсек те, пәндік сабақтармен шектелдік те, оған пәлендей мән бермедік. Комсомол қатарына қабылданған кезде ғана бұған тереңірек ой жүгірте бастадық. Одан кейін студент кезімде Ғ. Мұратбаев атындағы пионерлер сарайында болып, ішіндегі музейді аралап, «Жас Алаш» газетіне мақала жазғаным да бар. Бірақ кейін уақыт өткен соң құндылықтар өзгере бастады, пионерлер сарайы оқушылар сарайы болды. Пионер, комсомол ұйымдары да құрдымға кетті. Ғанитануға бірден келдім десем, артық айтқандық болар. Менің бұл тақырыпқа қызығушылығым журналистік қызметке кірісіп, оңды-солымды таныған кезімде басталды. Сөз басында айтқанымдай, өзім сол топырақтан болғандықтан Ғанидың өмірін зерттеген жазушы С. Асқаровтан бастап, тағы басқалардың еңбектерін оқығаннан кейін қызығушылық туды. Сол заманда өмір сүрген адамдардың шет-жағасын көрдім. Ғанимен қатарлас Рыстығұл деген қария болды. Бертінде 90-жылдардың ортасында 100-ге келіп қайтыс болды. Мен сол Рыстығұл ақсақалмен кездесіп, әңгімелескенмін. Кезінде журналист Б.Омарұлы да осы Рыстығұл ақсақалмен сұхбаттасып, «Жас Алаш» газетіне «Ғани – ғұмыр» деген мақала берген. Одан кейін Ғанидың әкесімен қызметтес болған, Мұратбаев ауылында тұратын Нұржан деген атамызды да көрдім. Онымен де жүздестім. Ғанидың 100 жылдық мерейтойы қарсаңында жастар газетінде Қали інімізден бастап, басқа да тілшілер тау тұлғаға қатысты тұщымды мақалаларды жариялады. Мен де одан шет қалған жоқпын.

– Десек те, тәуелсіздік алған 30-жылдың ішінде қоғамдық формация мен саяси көзқарас-қатынастардың өзгеруіне орай 20-жылдардағы Ә. Жангелдин, Т. Бокин секілді қайраткерлерге басқаша баға беріле бастағанындай, Ғ. Мұратбаевты да «Кеңес заманындағы қызыл комсомол, партияның қолшоқпары» деген пікірлерді де естіп жүрміз. Бұған не дейсіз?

– Иә, еліміз егемендік алғаннан бері тұтастай қоғамдық сананың өзгергені рас. Содан да болар, өткен ғасырдағы бірқатар революцияшыл тұлғаларға басқаша баға беріліп жатқаны да жасырын емес. Қазір кейбіреулердің пікірінше, «Ғани қызыл комсомол, барып кел, шауып келмен жүрген Кеңес заманындағы партияның қолшоқпары» деген үстірт ойлар бар. Ал шындап келгенде, біз бұл кісінің табиғатына терең үңілсек, оның Қазақстан мен Орта Азия жастарының басын біріктірудегі, оларды білім мен өнерге тартудағы атқарған еңбегі өте зор. Мен оны жерлесім болғаннан кейін мақтап отырған жоқпын. Отыз жылдың бедерінде ол жайлы жазылған дүниелерді оқып, архивтегі құжаттар мен музейдегі жәдігерлермен танысып, оның жан-жақты адам болғанына көзім жеткеннен кейін айтып отырмын. Басты сауал – Ғани мұндай деңгейге қалай көтерілді? Оның әкесі төрт жасында қайтыс болып, жетім қалғаны рас. Бірақ анасы Бәтиманың арқасында ол қиналмай ержетті. Бір деректерде: «Ғани жетім өскен, жарлының баласы. Шешесі қаладағы бір байдың еденін жуып, асыраған» деп айтылады. Бұл жерде бұрмалаушылық бар, өйткені, Мұратбай Қалықбасы болысында екі рет болыс болып сайланған. Қожет деген ақсақалдан тарайды. Мұратбайдың қасында Орысбай сынды ықпалды адамдар болған және де ол заманда қазақ жетімін жылатып, жесірін қаңғыртпаған ғой. Ол заман 20-ғасырдың басы. Ол кезде Қазалы Түркістан өлкесіне қарасты, қарамағында Арал, Қармақшы аудандары мен Жалағаш ауылы бар уез орталығы болды. Сол кездерде қаншама отаршылық заман болғанмен, орыстар білімге алып келгенін, орыс тілінің ықпалы басым болғанын жоққа шығара алмаймыз. Өзі де қара жаяу емес Мұратбай Ғанидың тек ауыл молдасынан ғана дәріс алмай, орысша да білім алғанын қалады. Оны сол жердегі «Русская туземная школа» деп аталатын мектепке оқуға берді. Сыр бойындағы атақты шайыр Ерімбет бұл кісіге құда болып келеді. Сол атамыз өзінің баласы Құлахметпен қатар Ғанидың да осы мектепте білім алуына түрткі болды. Қазақ тілін әуелден жақсы білетін, бойында ата-бабасынан дарыған тек бар Ғани осы мектепте орысша білім алды. Оның білімдарлығы сондай, бір деректерде сол кезде орыстың дінін тықпалап, мектепке поптар келіп дәріс жүргізген кезде, оның үнемі «Бізге неге таза білім бермейсіздер?», – деп қарсылық білдіргені айтылады. Көңілді көншітерлігі, ондай сәттерде Ресейден келген зиялы қауым өкілдері оны үнемі жақтап, қолдап отырған. Болашақ жастар жетекшісі математика, қоғамтану секілді пәндерді өте жетік меңгерген. Осы мектепте 1911-14 жылдары білім алғаннан кейін, ол екі сатылы орыс училищесінде оқып, одан кейін Ташкенттегі мұғалімдер дайындайтын қазақ-қырғыз училищесінде білімін жалғастырады. Осы жерде комсомол қатарына өтіп, 1919 жылы Ташкенттегі Финкельштейн атындағы мектепті бітіреді. Сол кезден бастап, ол бойындағы ұйымдастырушылық қабілетімен таныла бастайды. Осылайша көзге түскен ол, Ташкентте сол кездегі Түркістан атқару комитетінің республикасы құрылғанда оның жастар қанатына басшылық жасап, жанына өзі секілді мықты жігіттерді тартады. Бұнымен қатар Ғани жастардың қамқоршысы бола білген. 19-жылдардағы қызылдар мен ақтардың шайқасынан кейінгі ашаршылық жайлаған қиын кезеңде білім іздеп, Ташкентке келіп, қиналып жүрген Жүсіпбек Арыстанов, Бейсембай Кенжебаев, Өтебай Тұрманжанов, Нұртас Оңдасынов секілді панасыз қазақ жастарын Ғани жалғыз өзі емес, өзі секілді ниеттес адамдар арқылы интернатқа орналастырып, мектептен кейінгі үшінші деңгейлі «КУТБ» «Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінің» дайындық курсында білім алуларына жағдай жасаған. Олар аяқтарына тұрғаннан кейін комсомол жастар ұйымы атынан өзі жолдама беріп, Мәскеуге оқуға жіберген. Бұған қоса Қазақстанның халық артисі, Қазақконцертте әнші болған Үрия Тұрлықұлованың да Мәскеуде оқуына жағдай жасаған.

– Ғани есімін ғасырларға жалғайтын алтын көпір – өзі ұйымдастырып, тұңғыш редакторы болған «Жас Алаш» газеті. Кейбір жазбаларда оның сауатты аудармашы, әжептәуір әнші болғаны да айтылады. Айтулы тұлғаның сол қырларына тоқталып өтсеңіз?

– Ғанидың қазақ жастарына мінбер болатын үнпарақ ашып, оның тұңғыш редакторы болғаны белгілі. Оның қасында жауапты хатшы болған ақын І. Жансүгіровтің бір естелігінде: «Әлі ұмытпаймын газеттің бетін тізіп, енді баспаға жібергелі тұрғанда Ғани келіп: «Бұған бір ұран жіберелік. Тұңғыш жастар басылымының ұранын осы газеттен бастап жариялайық», – деп еді. Сондағы Ғанидың газеттің алдына қойған ұраны: «Заманға қожа болу, тұрмысқа тұтқа болудың кілті – бірігіп, ұйымдасуда! Ояныңдар, ұйымдасыңдар, езілген Күншығыс жастары! – болып еді» деп еске алады. Негізі, Ғанидың өзі де мақала жазған. Өзінің «Жетісу мәселесі Һәм қазақ-қырғыз мәселесі», «Жастардың міндеттері» сынды мақалаларында сол замандағы күн тәртібіндегі мәселелерді көтерді. Оның қалам қуаты туралы журналист Әміржан Қосанов 2002 жылы «Жас Алаш» газетіндегі мақаласында арнайы тоқталып, болашақта Ғанидың журналистігін ғылыми айналымға енгізу қажет деген ой тастайды. Естеліктерді оқып отырсақ, ол пленум, конференция, сьездерде баяндаманың тезисін өзі жасап, қалғанын сөзбен жеткізеді екен. Демек, бойында ораторлық қабілеті бар. Бұл кісінің білімдарлығы сондай, өзіміз бүгінде жоққа шығарып отырған Лениннің жастар сьезінде жасаған «Жастар міндеттері туралы» деген баяндамасын орысшадан қазақшаға аударып, Қазақстан басылымдарында жариялаған. Орыс классиктерінің шығармаларын да түгел оқыған. Тіпті, экономикалық әрі саяси білімді қажет ететін, екінің бірінің оң жамбасына келе бермейтін К. Маркстың «Капиталын» қазақшаға аударма болған. Бірақ, оған ғұмыры жетпеді. Бұнымен қатар оның өнерге де жақындығы бар. Бірде Ғани комсомолдардың Орынбордағы бір жиналысына барғанда Затаевичті кездестіреді. Сол жерде музыка зерттеушісі Ғанидан екі әнді жазып алады. Кейін Затаевич сол әндерді нотаға түсіріп, «Қазақтың 1000 әні» кітабына енгізген. Оның біреуі «Сәулем-ай, екіншісі «Дудар-ай» екенін кейін Аян Нысаналин де атап көрсетті. Ғанидың лингвистикалық қабілеті де жоғары болғанға ұқсайды. Кезінде онымен бірге жүрген БЛКЖО Орталық Комитетінің хатшысы Александр Мильчаков бір естелігінде: «Мәскеуде «КИМ-нің» құрамында жүргенде бізге шет тілін оқыта бастады. Арамыздағы Ғани неміс, ағылшын тілдеріне ден қойды. Оның тілді меңгеру қабілеті керемет еді» дейді. Ғани секілділерден астыртын бір агент жасағылары келді ме екен, сол кезде қабілетті қайраткерлерді Мәскеу сүзгіден өткізіп отырған ғой. Олай дейтінім, онымен небәрі 1,5 жарым жыл ғана отасқан Бақытжан апамыздың: «Бір жолы Ғани маған бізді болашақта Жапонияға елшілікке қызметке жібере ме екен, тілдерді үйретіп жатыр. Сондай бір ой бар. Көреміз» деп айтып еді дегені бар естелігінде.

– Ғ. Мұратбаев есімі 50-жылдарға

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Ғани МҰРАТБАЕВ -120

дейін тасада қалғаны жасырын емес. Кейбір зерттеушілер мұны сол кездегі Кремльдегі саясат пен бірге шовинистік көзқарастармен де байланыстырады. Бұл қаншалықты рас?

– Ол кездегі Кеңестік идеологияның ықпалына орай, әсіресе, Орта Азиядан шыққан ондай тұлғалардың өлшеусіз еңбегі үнемі тасада қала берді. Бұл бір орталықтан басқару мен сол кездегі Кремльдегілердің «Далада өскен қазақтың қолынан мал бағудан басқа не келеді?» деген шовинистік көзқарастарынан туындаған арам пиғыл екені сөзсіз. Иә, заманның құбылмалылығына орай Ғанидың есімі 50-жылдарға дейін ұмытылып қалғаны рас. Одан кейін ел есін жиғаннан кейін қазақ қауымы оны іздей бастады. Ж. Арыстанов, Қызылдорда облысындағы Ы. Қалиев, Ө. Жәнібековтердің мұрындық болуымен 1960 жылдардың соңында Шымкентте Ғаниға ескерткіш орнатылды. Қиындықпен тұрғызылған бұл ескерткіш туралы кезінде Қ. Тұрсынқұлов «Ғани ескерткішінің хикаясы» деп жазды да. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін «ЖАтың» Қали бастаған журналистері газетте Ғанитануға қатысты мәселені көтерді. Өзі де кезінде Мәскеуде оқыған Ұлықбек Есдәулет «Ғани мүрдесін елге әкелсек» деген бастама көтерді. Тек Ғаниды ғана емес, М. Шоқайдан бастап, басқа да жырақтағы арыстарымызды туған топыраққа қайтару мәселесін кезінде Ақселеу ағамыз да сан рет жазған. Бертінде Иманғали Тасмағамбетов бастаған Қазақстан комсомолының бір топ қайраткерлері Мәскеуге арнайы барып, Ғани есімін жаңғырту жұмыстарына белсене атсалысты. Ғани ғұмыры – тарихтың айтулы бір парағы. Ұрпақ сабақтастығы туралы айтқанда, Ғанидың басшылығымен жастар ұйымының өнегелі ісін бертінде жалғастырған Ө. Жәнібеков, Қ. Тұрсынқұлов, Қ. Сұлтанов, С. Әбдірахманов, И. Тасмағамбетов, У. Қалижан, Қ.Көшербаев, Ә. Қосановтардың есімін айрықша атауға болады. Мұратбаев есімін Мәскеулік әріптестері мен қайраткерлер де бек қастерлеген. Солардың қатарына Н. Подвойский, ВЛКСМ Орталық Комитетінің хатшысы А. Мильчаков, Н. Чаплин, В. Колчин, Матусов, Д. Бендюков, Н. Фокин, тіпті, БЛКЖО 1-хатшысы Е. Тяжельниковтің өзі Ғанидың Мәскеудегі зиратына көңіл бөлуге, ол кісінің шығармаларын сол жақта насихаттауға мұрындық болған.

– Бүгінде Ғани есімін ұлықтайтын бір нысан – Қазалыдағы мұражай. Қазіргі кезде аталмыш музей қандай жаңа жәдігерлермен толықты? Ғани өмірінің «тың парағы» деп тағы нені атар едіңіз?

– Бұл музей жәдігерлермен негізінен оның 100, 110-жылдық мерейтойлары аясында толықты. Онда Ғанидың өзі тұтынған заттар жоқ, керісінше, ол өмір сүрген ортаға қатысты заттар, мысалы, қызмет үстелі, телефон, сол кездегі киім үлгілері мен тұрмыстық заттар қойылған. Тіпті, бір адам сол заманның тұрмыстық салтынан хабар беретін, қолдан тоқылған кілем сыйлапты дегенді де естідік. Бүгінде мұражайда көшпелі көрмелер ұйымдастырылып, туған күніне орай үнемі конференция, жиындар өтеді. Ғанидың өз заттарының сақталмауының себебі, ол қызмет бабымен бірде Ташкентте, бірде Мәскеуде тұрды. Бақытжан апамыз оған тұрмысқа шыққаннан кейін, екеуі Мәскеуде жатақхананың бір бөлмесінде тұрған. Үлкендердің айтуынша, Ғани қайтыс боларынан бұрын жарын Жұмағали деген жанында жүрген жерлес інісіне аманаттаған. 18-жасында жесір қалған Бақытжан апамыз сол Жұмағалиға тұрмысқа шығып, қыздары дүниеге келді. Қызынан туған бір жиені Серік Ғаниұлы Мұратбаев болып, ағамыздың тегін қабылдаған.

– Оның Ваганьковтағы зираты да біраз жылдар қараусыз қалғанын білеміз. Бүгінде оны қарап-күтіп отырған Мәскеудегі қазақ диаспорасы дегенді естідік...

– Ғани қайтыс болғанда оны 20 мыңнан астам Мәскеу жұртшылығы ақтық сапарға шығарып салғандығы, Балтық флотының 200 теңізшісінің қаралы жиында құрметті күзетте тұрғандығы, Ваганьков зиратына жерленгендігі туралы талай жазылды. Бірақ екі ортада алағайбұлағай заман өтті ғой. Арықарай саяси құғын, соғыс басталды. Содан да болар, оның қабірінің де біраз қараусыз қалғаны рас. Дегенмен, бүгінде Мәскеуде тұратын қазақ ағайындар оның қабірін күтіп-қарап отырғаны көңілді марқайтады. Жақында Қазалы мұражайының директоры Р. Асанованың» фейсбук парақшасынан Мәскеуде тұратын Байсақаловтар отбасы бастаған қандастардың Ғани зиратының темір қоршауын сырлап, ескерткішін жуып, жан-жағын тазалап, сенбілік ұйымдастырғаны түсірілген бейнетаспаны көріп, қуанып қалдым.

– Айтулы тұлғаның биылғы 120 жылдық мерейтойында, оның есімін ұлықтау мақсатында қандай шаралар атқарылуы тиіс деп ойлайсыз?

– Оның 100, 110 жылдық мерейтойлары аталып өтілген шараларға бастан-аяқ қатыстым. Әлі есімде, сол кездегі Қызылорда облысының әкімі С. Нұрғисаевтың басшылығымен, бұрынғы министр М. Құл-Мұхаммед, Ғанидың ізбасары И. Тасмағамбетовтердің қолдауымен 2002 жылы Ғ. Мұратбаевтың ғасырлық мерейтойы кең ауқымда аталып өтті. Елордадан делегация келіп, мерейтой иесінің ғұмырнамалық кітапшасы жарық көріп, іс-шаралар Қазалыға дейін жалғасты. Одан кейін 110 жылдығы да сол кездегі облыс әкімі Қуандықовтың ұйытқы болуымен жоғары деңгейде өтті. Конференция болып, Қазақстан комсомолы ұйымында қызмет еткен Қ. Сұлтанов бастаған, жігіттер жақсы әсер қалдырды. Соның арқасында Мұратбаев есімін иеленген ауыл гүлденді. Қазақ бұндайды жақсының шарапаты демей ме?! Кезінде драматург Ш. Құсайынов Ғани туралы «Алғашқы ұшқын» деген пьеса жазса, 90-жылдығы қарсаңында «Біздің Ғани» көркем фильмі түсірілді. Енді міне, биыл оның 120 жылдық мерейтойы. Бүгінде Қызылорда облысы мен Қазалы ауданы әкімдіктерінің қолдауымен мерейтой иесін еске алу шаралары өткізілуде. Десек те, мұндай шаралар тек аудан, облыс көлемімен шектелмей, республикалық деңгейде өтсе, нұр үстіне нұр болар еді. Қазір ондай мерейтойларды өткізуге қатысты бір ережелер бар ғой. Ол үкіметтің қаулы-қарарында бар ма, білмеймін. Үкімет тарапынан жоспарға енгізілсе, қаражат бөлініп, Ғани туралы фильм түсірілсе, конференция өткізілсе, «Ғани ізімен» деген атаумен экспедиция ұйымдастырылса құба-құп болар еді.

– Білуімізше, өзіңіз Ғани туралы естелік-кітап шығаруды қолға алыпсыз. Ол жинақта не қамтылмақ?

– Болашақ тарихи-танымдық кітап «Ғани ғұмыр» деп аталады. «Ғанидың қалам қуаты», «Замандастар мен бауырластар лебізі», «Естеліктер мен эсселер» және «Ақындар жырлайды» деген 4-бөлімнен тұрады. 1-бөлімде Ғанидың өмірбаяны, журналистік, аудармашылық қыры сипатталса, 2-бөлімге жастар мен замандастары, қоғам қайраткерлері Н. Төреқұлов, Н. Оңдасынов, С. Қожанов, Ш. Артықбаев, Қ. Әміров, жазушы-журналистер Ж. Арыстанов, С. Есова, әдебиетші-ғалым Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, ақын І. Жансүгіров, қырғыз жазушысы, Социалистік Еңбек Ері Аалы Тоқомбаев, жұбайы Бақытжан Құрманбаева және т. б. естеліктері енгізілген. Ал соңғы бөлімдерде Ғ. Мұратбаев туралы эсселер мен ақындардың арнау өлеңдері топтастырылған.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Арай САХАРИЕВА

НЫСАН

ТАРИХИ ОРЫН АНЫҚТАЛДЫ

Ақсу жері – тарихы терең, өткеннің талай құпиясын бауырына бүгіп жатқан өңір. «Қызылжар шайқасы» экспедиция аясында осы өңірдегі тағы бір тарихи нысан анықталып, белгі қойылып, оны қасиетті нысандар тізіміне енгізудің алғашқы бастамасы жасалды.

Расында, қазақ-жоңғар соғысы тұсында Жетісу жері үшін күрес талай боздақтың жанын қиып, ерлік істердің өнегесін қалдырды. Бірақ соның көбі зерттелмей, тек аңыз болып айтылып жүр. Осыдан біраз жыл бұрын әйгілі Орбұлақ шайқасының ақиқаты анықталды. Ал Қызылжар шайқасы сол елдік жолындағы ерлік күрестің заңды жалғасы.

Қора шатқалы арқылы Қапалға асатын тұстағы Қызылжар асуында жүз батыр жасанып келген жауды тосып, елді қорғау жолында ерлікпен құрбан болады. Олар осы арқылы ел мен жерді қорғау үшін істеген ерліктің қанша ғасыр өтсе де ел жадынан өшпейтіндігін ұғындырды. Сонымен қатар «Отан үшін отқа түс, күймейсің» деген халық даналығының да ақиқатын әйгіледі. Бұл ақиқат сол шайқастың бас қолбасшысы Құдайназар батыр мен қызы Гүлайымның ерлік істері ұрпақтан-ұрпаққа аманатталып, бүгінгі күнге жетті. Елі де ерінің ерлігін ескерусіз қалдырмады. Көпшілік батыр мен оның қызы және жүз сарбаз жерленген қорым мен шайқас болған Қызылжар асуына белгі қойып, тарихты қайта жаңғыртты.

Бәріңізге белгілі, «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясы» жобасы аясында Алматы және Жетісу облыстары аумағынан 57 нысан мемлекеттік комиссияның сарабынан өтіп, сол тізімге енген. Тарихи орындарды тізімге алу ісі әлі жалғасуда. Аталған экспедиция сол игілікті істің бір парасы.

– Алдағы уақытта Қызылжар шайқасы болған және Құдайназар батыр мен батыр қызы Гүлайым басшылығындағы жүз сарбаздың қайтыс болған жерін картаға түсіріп, мемлекеттік комиссияға ұсынамыз. Егер қолдау тауып жатса, Қасиетті нысан ретінде мемлекеттік тізімге енгіземіз, – дейді облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығының директоры Ғалымжан Оспанов.

Тарихи нысанның анықталуы батыр ұрпақтары үшін де үлкен қуаныш болды. Енді олар сол шайқаста қайтыс болған жүз сарбаздың есімін анықтап, рухын ояту үшін ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырып, тарихи фильм түсіріп, көркем әдебиеттер жазуды қолға алмақ.

Қажет АНДАС
АҚСУ АУДАНЫ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

ХАЛЫҚТЫҢ АСЫЛ МҰРАСЫ

Тіл – қай ұлтта, қай елде болсада қастерлі, құдіретті. Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ұлтымыздың биік тұғыры. Бұл ретте біздің мемлекетіміздің тілге деген жанашырлығы басым.

Қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту еліміздің саясатының басты басымдығы болып қала береді. Еліміздің тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді.Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны, осы уақытқа дейін барлық мүмкін болар жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі. Себебі тіл-халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттың болмысы.

Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Әр халықтың өз ана тілі бар. Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым. Тіл құдіреті – ерекше. Тіл ұлттың жан дүниесі.

Ақиқатын айтсақ, қазақ халқының басында талай қиын нәубет, зұлматтың, қайғылы күндердің болғаны тарихтан белгілі. Сондай ауыр сәттерде, сын сағаттарда атамекен қонысын тастап босыған халықтың өзімен бірге алып жүрген байлығы – ана сүтімен бойына дарыған, санасына сіңген ана тілі ғана.

Қазіргі кезде көптеген жастар ана тілін жақсы меңгермей, қазақ тілінде сөйлеуге де жете мән бермейтіні құпия емес. Ауылдық жерде жақсы, қалалық жерлерде тіл құнарлығы сұйыла түскен. Сондықтан сан ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егеменді ел болып жатқан сындарлы кезенде мемлекетіміздің нышаны ана тіліміздің бүкіл тіршілігіміздің түп қазығына айналдыру – әрбір ұлтжанды азаматтың басты борышы. Тілден асқан байлық жоқ екенін жадымызда сақтауымыз қажет. Тонторқа, мал-мүлік, алтын-күміс байлығы түпкілікті емес, мұның бәрі сусымалы, күндердің күнінде сарқылады, тозады. Ал, тіл болса халықпен бірге мәңгілік жасайды. Сондықтан оны қастерлеу, мәрбесін арттыру әркімнің перзенттік асыл парызы екенін есте мықтап сақтаған жөн.

Гүлдана ЕРБАТЫРОВА,
Текелі қалалық сотының жетекші маманы.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СУДЕБНЫЕ РЕФОРМЫ

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА: ВЧЕРА. СЕГОДНЯ. ЗАВТРА.

КОНСТИТУЦИОННЫЙ ЗАКОН «О ГОСУДАРСТВЕННОЙ НЕЗАВИСИМОСТИ», ПРИНЯТЫЙ В ДЕКАБРЕ 1991 ГОДА УСТАНОВИЛ, ЧТО ОСУЩЕСТВЛЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ВЛАСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН СТРОИТСЯ НА ОСНОВЕ ПРИНЦИПА ЕЕ РАЗДЕЛЕНИЯ НА ЗАКОНОДАТЕЛЬНУЮ, ИСПОЛНИТЕЛЬНУЮ И СУДЕБНУЮ.

В дальнейшем были введены принципиально новые положения о правосудии как непосредственной форме осуществления судами государственной власти, независимости судебных органов от законодательных и исполнительных структур, с принятием Конституции 1995 года и Указа Президента, имеющего силу Конституционного закона «О судах и статусе судей Республики Казахстан». Этот закон изменил не только функциональный характер судов, но и их социальную сущность. В соответствии с Конституцией была упразднена система арбитражных судов с передачей их функций судам общей юрисдикции и тем самым закреплено единство судебной системы.

Это были первые кардинальные меры для совершенствования судебной системы независимой Республики Казахстан. В последующем с требованием времени в нашей республике постоянно проводились судебные реформы для улучшения работы судебной системы и качественного отправления правосудия. Суть всех реформ заключалось в том, чтобы независимое правосудие и вся правоохранительная система Казахстана были нацелены исключительно на обеспечение прав и свобод граждан, строгое исполнение законов и укрепление правопорядка. Прежде всего обновленное законодательств проводятся с целью способствования повышению доверия общества к судебной системе. Именно в суде вершится справедливость. Центральный вопросом реформирования казахстанских судов является формирование качественного судейского корпуса. Поэтому, чтобы вершить правосудие должны и будут самые достойные и наиболее подготовленные профессионалы с большим жизненным опытом и высокими моральными принципами, законодательно предусмотрены жесткий механизм отбора кандидатов в судьи и высокие квалификационные требования для них.

Постоянно ведутся работы по совершенствованию законодательства в уголовной, административной и гражданско-правовых сферах. Так, всем известно, что в Казахстане были приняты и сейчас действуют новые Уголовный, Уголовно-процессуальный, Уголовно-исполнительный кодексы и Кодекс об административных правонарушениях. Их можно отнести к числу наиболее значимых нормативных правовых актов, принятых в реализацию Концепции правовой политики на 2010-2020 годы. Они стали востребованы самой жизнью, осознанием необходимости коренного изменения правовой доктрины в условиях динамичного формирования новых общественных отношений.

Сейчас в нашем государстве ожидается новая реформа судебной системы и правоохранительных органов. Об этом постоянно высказывает Президент К.К.Токаев. В частности: *«Мы продолжим наш курс на комплексное усиление системы защиты прав и свобод человека. В рамках правовой реформы будет воссоздан Конституционный суд. Необходимо внедрить механизм оперативного реагирования на его постановления, чтобы граждане ощутили пользу от деятельности данного очень важного института. В Новом, Справедливом Казахстане не должно быть места полицейскому произволу, некомпетентным прокурорам и предвзятым судьям. Общество ждет от правоохранительной и судебной систем реальных изменений. Конкретные решения по этим и другим вопросам развития страны я представлю в своем выступлении на открытии очередной сессии Парламента в сентябре текущего года»,* - заявил глава государства в своем видеообращении к народу Казахстана.

Ербол АЙДАРХАНОВ,
старший судебный пристав
Текелийского городского суда.

АКТУАЛЬНЫЙ ВОПРОС

НАМЕРЕНЫ УЖЕСТОЧИТЬ ТРЕБОВАНИЯ К ДЕТСКИМ САДАМ

Как передает Sputnik, Министр образования и науки Казахстана Асхат Аймагамбетов предложил усилить требования для детских садов после многочисленных сообщений о жестоком обращении с детьми.

«Факты нарушения прав детей, о которых общество узнает благодаря установленным видеокамерам, подтверждают актуальность нашей позиции о необходимости усиления требований к детским садам», – отметил он.

Аймагамбетов напомнил, что больше десяти лет назад в Казахстане решили отказаться от лицензирования деятельности детсадов, чтобы стимулировать рост их количества, а затем и от госконтроля, мониторинга и регулирования их деятельности. Меры дали эффект – количество детсадов значительно выросло – охват детей с 3 до 6 лет увеличился до 99%. Однако качество таких заведений упало.

«Часть детсадов открывалась в не соответствующих техническим и санитарным требованиям зданиях, без наличия квалифицированных специалистов и безопасных условий. Прецедентов достаточно», – пишет Аймагамбетов.

Два года назад была предпринята попытка возвращения лицензирования и госконтроля. Однако тогда позиция Палаты предпринимателей, ассоциаций детских садов и ряда госорганов не позволила нам ввести эту норму в закон.

Тем не менее, Минобразования добилась введения системы госаттестации в конце прошлого года, по результатам которой 80% из проверенных детских садов не соответствуют стандартам.

«Речь идет и о неудовлетворительных условиях пребывания детей в детском саду, и о несоответствии образовательной деятельности требованиям государственного стандарта образования, безопасности, пожарных и санитарных норм, и о фактах рукоприкладства со стороны воспитателей, и о других негативных фактах», – пояснил министр.

В настоящее время Минобразования ведет работу по пяти основным направлениям.

1. Возвращение лицензирования. Будем надеяться на поддержку депутатов, общественности и госорганов в этом вопросе.

2. Проведение аттестации всех детских садов, во время которой проверяются условия и качество их работы.

3. Усиление требований к размещению госзаказа в детских садах.

4. Повышение кадрового потенциала работников дошкольных учреждений. Улучшение качества подготовки в колледжах и вузах.

5. Обновление содержания программ в рамках новой модели дошкольного образования.

«В последние годы резко снизился конкурс на специальность воспитателя детского сада. В первую очередь, это связано с заработной платой. Несмотря на ежегодное увеличение заработной платы воспитателей на 25%, из-за низкой базы она все еще не является достаточной. Сейчас мы начали пилотный проект в нескольких детских садах с двумя воспитателями на целый день, а не одним на полдня, с параллельным двукратным увеличением оплаты. По результатам пилота будет принято решение», – рассказал Аймагамбетов.

Теперь в ведомстве нацелены отдавать приоритет качеству детских садов.

«Разумеется, мы понимаем важность поддержки предпринимателей, открывающих частные детские сады. Но главным ориентиром в работе для нас являются безопасность детей и создаваемые для них комфортные и качественные условия. Думаю, такие равнозначные правила важны для родителей и выгодны добросовестным игрокам рынка», – резюмировал Асхат Аймагамбетов.

КОВИД-19

АЛМАТЫ И НУР-СУЛТАН ПРИБЛИЖАЮТСЯ К «ЖЕЛТОЙ» ЗОНЕ

РОСТ ЗАБОЛЕВАЕМОСТИ КОРОНАВИРУСНОЙ ИНФЕКЦИЕЙ В КАЗАХСТАНЕ ОТМЕЧАЕТСЯ В 3,6 РАЗА. ОБ ЭТОМ СООБЩИЛА ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ САНИТАРНЫЙ ВРАЧ АЙЖАН ЕСМАГАМБЕТОВА, ПЕРЕДАЁТ BAIGENEWS.KZ.

Начиная с середины июня отмечается рост заболеваемости КВИ. Он начался постепенно с 50 случаев в сутки. Уже 28 июня зарегистрировано 110 случаев заболевания коронавирусом.

«Если мы посмотрим от недели к неделе, то отмечается рост в 3,6 раза. Рост заболеваемости отмечается, в основном, в Алматы и Нур-Султане. В ходе эпидрасследования этих случаев мы установили, что 80% заболевших — это лица, которые не имели вообще вакцинации, или те, у которых с момента последней вакцинации или ревакцинации прошло более шести месяцев», — сказала Айжан Есмагамбетова.

Она добавила: несмотря на отмену всех ограничительных мер вакцинация и ревакцинация в Казахстане не приостанавливалась. Первым компонентом в стране привито 56% от всех жителей. Ревакцинация тоже продолжается – почти 4,8 миллиона человек привито. Это составляет 68% от всех, кто подлежит ревакцинации.

«Сегодня ситуация эпидемиологическая ухудшается. Но пока о введении каких-то дополнительных или новых ограничений мы не говорим, потому что все регионы по-прежнему остаются в «зеленой», зоне. Но Нур-Султан и Алматы приближаются к «желтой», зоне согласно матрице оценки эпидемиологической ситуации», – резюмировала главный государственный санитарный врач Казахстана.

С 16 по 28 июня в Алматы зарегистрировано 352 инфицированных КВИ, 222 из них или 63% не были привиты. В инфекционных стационарах находятся 48 пациентов. В их числе – 10 беременных женщин, все они не были вакцинированы. Такие данные привела пресс-служба акимата Алматы.

На домашнем карантине находится 269 пациентов, почти 80% из них не получали вакцину. Среди заболевших преобладает «штамм'стелс-омикрон». Предположительно, данная мутация циркулирует на сегодня и вызывает прогрессирующий рост инфекции. У заболевших наблюдают повышение температуры тела, кашель, боли в горле, слабость и др.

Всего в городе работает 96 пунктов вакцинации, в полном режиме работают 103 прививочные бригады.

СИТУАЦИЯ

ПРИЗЫВНИК ВЫИГРАЛ СУД

ПРИЗЫВНИК ВЫИГРАЛ СУД У ДЕПАРТАМЕНТА ОБОРОНЫ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Призывник оспорил в суде приказ департамента по делам обороны Костанайской области о направлении его на срочную военную службу, передает передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на пресс-службу областного суда.

Молодой человек, состоящий на воинском учете, в декабре 2021 года проходил медицинскую призывную комиссию. Там он сообщил о своем диагнозе «Рубцовая деформация луковицы ДПК (двенадцатиперстной кишки). Рецидивирующая язва», предоставив медицинское обследование.

Члены комиссии документ не приняли во внимание и единогласным решением определили, что призывник годен к воинской службе. Молодой человек был зачислен в Национальную гвардию и приказом от 29 декабря 2022 года отправлен служить.

В ходе судебного разбирательства сторона ответчика представила медицинское обследование по месту службы. Из него следует, что призывник имеет заболевание «Катаральный антральный гастрит», которое не препятствует прохождение воинской службы.

«В связи с чем, судом назначена военная врачебная экспертиза, которой на момент призыва у Н. имелось заболевание «Рубцовая деформация луковицы ДПК (двенадцатиперстной кишки). Рецедивирующая язва луковицы ДПК. Бульбит. Очаговый антральный гастрит. Панкреатопатия», и в настоящее время он продолжает болеть, соответственно дальнейшее прохождение воинской службы невозможно. С учетом установленных обстоятельств суд удовлетворил требование истца, оспариваемый приказ признал незаконным и отменил», – сообщили в суде.

В адрес ответчика вынесено частное определение за допущенные нарушения приказа министерства обороны «Об утверждении требований, предъявленных к состоянию здоровья лиц для прохождения службы в Вооруженных Силах, других войсках и воинских формированиях Республики Казахстан».

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ДЗЮДО

ӘБИБА ҚОЛА АЛДЫ

Бұл күндері Моңғолияның бас шаһары – Ұлан-Батырда дзюдодан Grand Slam турнирі өтіп жатыр. Әзірге Қазақстанның қоржынында бір ғана жүлде бар.

Алғашқы күні 48 кило салмақтағы Әбиба Әбужақынованың бағы жанды. Жарысты сәтті бастаған ол жартылай финалда сүрінгенімен, үшінші орын үшін Еуропа біріншілігінің қола жүлдегері Сабина Гилязовамен белдесті. Бәсеке басталған бетте ресейлік спортшы ереже бұзғаны үшін татамиден шеттетіліп, қола медаль Әбибаның уысына түсті. Өкінішке қарай, әзірге өзге жерлестеріміз сүреңсіз өнер көрсетуде. Әсіресе біз 81 кило салмақтағы Абылайхан Жұбаназарға айрықша сенім артқан едік. Бастапқы бәсекелерде әлем және Еуропа чемпионы, Еуропа ойындарының қола жүлдегері, командалық сайыстағы Олимпия ойындарының қола жүлдегері, израильдік Саги Муки мен моңғолиялық Болор-Очир Герелтуйиді жеңгенімен ширек финалда құрлық чемпионы, ресейлік Алан Хубецовқа жол берді. Жұбаныш бәсекесінде Николя Шилараді иппонмен ұтты. Бірақ қола медаль үшін тартыста нидерландылық Де Вит Франкоға есе жіберді. Сол секілді 70 кило салмақтағы Зере Бектасқызы да бесінші орынды қанағат тұтты.

ФУТБОЛ

«ТОБЫЛ»-«АСТАНАНЫ» ҚУЫП ЖЕТТІ

Футболдан Қазақстан чемпионатының 15-туры аясында жеті кездесу өтіп, соның үшеуінде қонақтар жеңіске жетсе, үшеуі тең аяқталды. Тағы бір бәсекеде алаң иелерінің мерейі үстем болды.

Сенбіде екі ойынды тамашаладық. «Ақжайық» Оралда Шымкенттің «Ордабасы» клубына есе жіберді – 0:1. Бұл матчтағы жалғыз голды 77-минутта Одилбек Әбдумәжитов соқты. Павлодарда «Ақсу» мен Қарағандының «Шахтеры» тең тарасты – 1:1. Жексенбіде тағы бес бәсекенің куәсі болдық. «Ақтөбе» «Астананы» 4:1 есебімен ойсырата ұтты. «Тобыл» Петропавловскіде жергілікті «Қызылжарды» 3:1 есебімен еңсерді. Осы жеңісінің арқасында қостанайлықтар көш басындағы «Астананы» қуып жетті. «Каспий» Ақтауда Түркістанның «Тұранына» жол берді – 0:2. «Тараз» бен «Қайрат» және «Мақтаарал» мен «Атырау» арасындағы кездесулерде 1:1 есебі тіркелді.

15-турдан кейін «Астана» мен «Тобыл» көш басында үзеңгі қағыстырып келеді. Екеуінде де 24 ұпайдан бар. Олардан бір ұпай кем жиған «Ақтөбе» үздік үштікті түйіндеуде. Ал көш соңындағы «Мақтаарал» небәрі 10 ұпайды қанағат тұтуда.

СУРДЛИМПИЯ

ЖЕҢІМПАЗДАР МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАДЫ

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев елордадағы Ұлттық музейде Бразилияның Кашиас-ду-Сул қаласында ұйымдастырылған XXIV жазғы Сурдлимпия ойындарының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттады.

«Төрт жылдықтың басты бәсекесінде отандастарымыз әлемнің ең мықты спортшыларымен күш сынасып, елге абыроймен оралды. Тарихи жеңіске толы Сурдлимпиадада қазақстандық атлеттер ерекше белсенділік танытып, жоғары жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда, Шонку Хайратхаан екі алтын медаль иеленіп, сенсация жасағанымен ерекше құттықтаймын. Бұл нәтиже елдегі Сурдлимпиада спортының дамуына керемет серпін береді деген үміттемін», -деді Мәдениет және спорт министрі Д.Абаев жиынның ашылу рәсімінде.

Салтанатты іс-шара барысында Мәдениет және спорт министрлігінің атынан Сурдлимпиада ойындарының жеңімпаздары, жүлдегерлері және олардың жаттықтырушылары алғыс хатпен марапатталды. Сондай-ақ сурдлимпиадалық спорт түрлерін қолдау мақсатында мемлекет тарапынан берілетін қаржылай сыйақы мөлшері Олимпиада және Паралимпиадамен теңестірілген. Яғни аталған жарыста бірінші орын алған спортшыға – 250 000, екінші орынға – 150 000, үшінші орынға – 75 000, төртінші орынға – 30 000, бесінші орынға – 10 000 және алтыншы орынға 5 000 АҚШ доллары берілді.

«Бүгін елорда төрінде Сурдлимпиада жеңімпаздарына кө-ңіл бөліп, құрмет көрсеткеніне алғысымыз шексіз. Жеңіске жетуіме қолдау көрсеткен Мәдениет және спорт министрлігіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне алғыс айтамын. Барлық жеңімпазды жетістігімен құттықтаймын», -деді XXIV жазғы Сурдлимпиада ойындарының екі дүркін жеңімпазы Шонку Хайратхаан.

Айта кетейік, биылғы Сурдлимпия ойындары мамырдың 1-15 аралығында Бразилиядағы Кашиас-ду-Сулқаласындаұйымдастырылды. Әлемнің 100 елінен 4 000-нан астам спортшы қатысқан жарыста жерлестеріміз жалпы саны 28 жүлде (3 алтын, 7 күміс, 18 қола) еншілеп, жалпыкомандалық есепте 13-орынға табан тіреді.

Медаль көрсеткіші бойынша Украина спортшыларына тең келер қарсылас табылмады. Олар 138 (62 алтын, 38 күміс, 38 қола) медаль жиынтығын олжалап, турнир кестесінде топ жарды. Екінші орын алған АҚШ құрамасының қоржынында 55 (20, 11, 14) медаль бар болса, үшінші орындағы Иран спортшылары 40 (14, 12, 14) жүлде жеңіп алды.

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

ШАВҚАТ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

КЕШЕ АҚШ-ТЫҢ ЛАС ВЕГАС ҚАЛАСЫНДА АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕН UFC ПРОМОУШЕНІНІҢ КЕЗЕКТІ ТУРНИРІ ӨТТІ. АТАЛҒАН ЖАРЫСТЫҢ БАСТЫ БӘСЕКЕЛЕРІНІҢ БІРІНДЕ КҮНІ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ЖЕҢІЛІСТІҢ КЕРМЕК ДӘМІН ТАТПАҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ҰЛЫ ШАВҚАТ РАХМОНОВ ЖАРТЫЛАЙ ОРТА САЛМАҚТАҒЫ ҮЗДІКТЕР ТІЗІМІНДЕ ТОҒЫЗЫНШЫ ОРЫНДА ТҰРҒАН АҚШ-ТЫҢ БЕЛДІ СПОРТШЫСЫ НИЛ МӘГНИМЕН АЙҚАСТЫ.

Бүгінгі таңда біздің ғана емес, барша шетелдік БАҚ өкілдері жарыса мақтап жатқан Шавқат Рахмонов бұл жолы да қазақ жанкүйерлерін қуаныш пен шаттыққа бөледі. Барлығы 34 бәсеке өткізіп, 26 мәрте жеңіске жеткен 35 жастағы Нил Мәгни қандасымызға лайықты қарсылық көрсете алмады. Бәсеке басталған бетте тізгінді қолына алған Шавқат оған бірнеше ауыр соққысын дарытты. Нил үзіліске дейін шыдады. Екінші раундта да дәл сол жағдай қайталанды. Десек те бұл жолы қазақ спортшысы бәсекені ұзаққа созбады. Үзіліске үш секунд қалғанда Рахмонов Мәгниді қылқындырып тастады. Осылайша, Шавқат өзінің 16-шы жеңісіне қол жеткізді.

Сол жарыста жеңіл салмақтағы Сергей Морозов та (17-5) октагонға шықты. Биыл жазда 33 жасқа толғалы отырған ол UFC-дегі үш бәсекенің екеуінде қарсыластарына жол берді. Енді жерлесіміздің жеңілуге қақы жоқ еді. Осы жолы Морозов Раулиан Пайвамен (21-4) күш сынасты. 26 жастағы Бразилия өкілінің осыдан екі жыл бұрын біздің Жалғас Жұмағұловты ұпай санымен ұтқаны есімізде. Өзінің командалық әріптесі жіберген есені Сергей қайтарды. Алғашқы раундта бразилиялықтың басымдығы байқалғанымен, одан кейін Морозов тізгінді қолға алып, ұпай санымен жеңіске жетті.

Сонымен қатар Лас Вегаста жартылай жеңіл салмақтағы Сайран Нұрданбек те (37-10) сайысқа шықты. Қытайда туып-өскен қандасымыз американдық Ти Джей Браунмен (16-8) күш сынасты. Өте тартысты өткен жекпе-жек Сайранның пайдасына шешілді.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ҮНДІ ҚЫЗДАРЫ ОЗДЫ

Алматының Орталық стадионында жеңіл атлетикадан даңқты жел аяқ, Рим Олимпиадасының күміс жүлдегері Ғұсман Қосановты еске алуға арналған халықаралық турнир өз мәресіне жетті.

31-ші мәрте ұйымдастырылып отырған дүбірлі додада 15-24 шілде аралығында АҚШ-тың Юджин қаласында өтетін әлем чемпионатының жолдамалары сарапқа салынды. Сол себепті Жапония, Қатар, Малайзия, Таиланд, Тунис, Үндістан, Украина, Пәкістан, Аустралия, Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан секілді мемлекеттер өздерінің бірқатар белді спортшысын Алатау баурайына аттандырды. Әсіресе Үнді елінің қыздары аталған жарысқа өте керемет даярлықпен келгендігін байқадық. Олардың арасынан Навджит Дхиллон (диск лақтыру), Абха Хатуа (ядро лақтыру), Чанда (1500 метрге жүгіру), Киран (400 метрге жүгіру), Сарита Ромит Сингх (балға лақтыру), Ансу Соян (ұзындыққа секіру), Анну Рани (найза лақтыру) және Даналаксми Секар (200 метрге жүгіру) сынды жеңіл атлеттері алдарына жан салмады.

Жерлестеріміздің арасынан Мария Ефремова (үш қарғып секіру), Ольга Сафронова (100 метрге жүгіру), Кристина Овчинникова (биіктікке секіру) және Анастасия Ермакова (сырықпен секіру) асқан шеберлік танытып, алтыннан алқа тақты.

ТЕННИС

ЖІБЕКТІҢ ЖАРҚЫН ЖЕҢІСІ

Сербияның Прокупле қаласында өткен жүлде қоры 25 мың АҚШ долларын құрайтын ITF турнирінде Жібек Құламбаева табысты өнер көрсетті.

Үндістандық Пратхан Тхомбаремен жұп құраған жерлесіміз алғашқы айналымдарда Дария Лодикова (Ресей) мен Луиза Мейер-ауф-дер-Хайде (Германия) және Ивана Йорович пен Деяна Радановичтен (Сербия) басым түссе, жартылай финалда Ангелика Морателли (Италия) мен Илона-Георгиана Гиороайеге (Румыния) сан соқтырды. Ақтық сында олар Лейре Ромеро (Испания) мен Тара Вюрт (Хорватия) жұбымен шеберлік байқасуға тиіс еді. Алайда хорватиялық теннисшінің жарақат алуына байланысты қарсы жақ кортқа шығудан бас тартты.

Сөйтіп, Жібек Құламбаева ITF жарыстарындағы жеңістерінің санын 19-ға жеткізді.

Материалдар Egemen.kz сайтынан алынды.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел. : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

ДЕНСАУЛЫҚҚА ПАЙДАЛЫ ТОСАПТАР

Дәмді тосаптарды жақсы көрмейтін адам кемде-кем шығар, сірә. Олардың пайдасының көптігі соншалық, кейбірін қыста тұмау тигенде шәйға қосып ішсе, үлкен көмегін береді. Сондықтан нәзікжандылар жаз басталысымен қыстың қамына қамданып, тосап пісіруге білек сыбана кіріседі. Ендеше, дәмі ерекше, денсаулыққа пайдалы тосаптардың қайнатылуына назар аударайық.

Қызанақ тосабы.

Құрамы: 1 килограмм қызанақ 1 килограмм қант, 2,5 кесе су, жарты шай қасық ванилин. Дайындау тәсілі: тосап қайнату үшін мөлшері бірдей, ұсақтау қызыл қызанақтар іріктеледі. Ол үшін жарақатталған, езілгендері алынып тасталынады. Тосапқа жарайтындары жақсылап жуылып, тегенеге салынады.

Қанттың үстіне су құйылып қайнатылып, сироп дайындалады. Содан соң тегенедегі қызанақтың үстіне құйылады. Сөйтіп бір тәулік беті жабылып тұрады. 24 сағаттан соң сироп бөлек құйып алынады. Тағы да сәл қайнатылып, қызанақ үстіне құйылады. Үшінші күні осылай тағы бір рет қайталанып, төртінші күн дегенде тегенедегі қызанақ сиропымен қоса бәсеңдеу отқа қойылып, қайнатылады. Қайнап жатқан кезде ауық-ауық көбігі алып тастау керек. Қайнағаннан кейін ванилин қосылып, араластырылады.

Сәбіз тосабы

Құрамы: 1 килограмм сәбіз, 1 килограмм қант, 1 литр су, жарты шай қасық ванилин. Дайындау тәсілі: Сарғыш сәбіздер іріктеліп, қабығы аршып аламыз. Ұзыншалап (дөңгелектеп, төрт бұрыштап, жұлдызшалап) кесіледі. Әсіресе жұлдызшалап кессе, тосап әсем көрінеді. Сәбіз кесінділері тосап қайнатылатын тегенеге салынын үстіне су құйылады. Отқа қойып, ауық-ауық көбігін ала отырып, қайнатып аламыз. Сәбіз жұмсарған кезде үстіне қант салып, отты басыңқырап қойылып, сәбіз жылтырағанша тағы да қайнату керек.

Хош иіс шығару үшін, қайнап болды-ау деген кезде ванилин қосуға болады.

Қарақат тосабы

Құрамы: 1 килограмм қарақат, 1,5 килограмм қант, 1 шай қасық шарап қышқылы. Дайындау тәсілі: қарақаттың ең ірілері іріктелініп, шөп шаланынан тазартып аламыз. Салқын сумен жуып, таза дәке не қағаз үстіне жайып қою қажет. 1 килограмм қантты ыдысқа салып, үстіне 2,5 кесе су құйып, қайнатып, сироп дайындаймыз. Оған дейін қарақат та әбден дегдиді. Дегдіген қарақат тосап қайнатылатын ыдысқа аударып, үстіне ыстық сиропты құямыз. 10-15 минуттан кейін отқа қойып, 40-50 минут қайнатып аламыз. Оттан түсірер алдында шарап қышқылын (винный уксус) қосуға болады.

Қауын тосабы

Құрамы: 1 килограмм қауын, тіліктері, 1 килограмм қант, жарты шай қасық лимон қышқылы. Дайындау тәсілі: қауыннан да жақсы тосап шығады. Әуелі қауынды жақсылап жуып аламыз. Ортасынан қақ тіліп, дәнін алып тастаймыз. Қабығы аршып алып, кеңірек ыдысқа төрт бұрыштап турау керек. Үстіне мөлшерлеп шекер салып, 2-3 сағат бетін жауып қоямыз. Қалған қанттан сироп дайындаймыз. Оған қауын сөлін құйып, бір қайнатып аламыз. Сөйтіп осы ыстық сироп ыдыстағы қауын кесектерінің үстіне құйылып, 6-8 сағат бетін жауып қоямыз. Содан соң сиропын құйып алып, тағы бір қайнатып, қайтадан қауын кесектерінің үстіне құямыз. Осы процесті 2-3 рет қайталағанда тосап та дайын болады. Соңғы рет қайнатар алдында лимон қышқылы құйсаңыз болады.

Айва тосабы

Құрамы: 1 килограмм айва, 1,5 килограмм қант.

Дайындау тәсілі: алдын ала іріктелген айваны жуып, қабығын аршып аламыз. Өзегін алып тастап, төртке бөлеміз. Содан кейін аздаған суға салып, 15-20 минут бүлкілдетіп қана қайнатып алып, жемісін сүзіп аламыз. Ал суына қант салып қайнатып, сироп (1,5 килограмм қантқа 1,5 кесе су есебімен) дайындалады. Сироп қайнаған соң, оттан түсіріп, оған манағы бір қайнаған айваны салып 5 сағаттай бетін жауып қоямыз. Содан соң 10 минуттай тағы да қайнатып, оттан түсіріп 3-4 сағат суытамыз. Осы процесті 4 рет қайталау керек. Дайын болған тосаптың айвасы шыныдай жылтырап тұрады, ал тосаптың өзі райхан гүлінің түсіндей түске енеді.

А. НҰРЖАПАР.
Сурет ғаламтордан алынды.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

«ҰСТАЛАТЫНЫҢДЫ БІЛГЕНМІН»

Жол бойында тұрған екі автоинспектор өзара ақылдаса келіп, келесі жүргізушіге ақшалай сыйлық бермек болады. Тежегішін қайта-қайта басып әрең тоқтаған «Мерседестің» иесіне:

– Алыстан байқадық. Жол тәртібін жақсы біледі екенсіз...

Мына 100 доллар сізге... – дейді.

Тосын табысқа қуанған Құдыш: «Жақсы болды ғой, жүргізу куәлігін сатып алатын болдым» дейді іштей. Артта отырған саңырау шешесі істің мәнін түсінбей:

– Біреудің машинасын ұрлама дедім ғой... Түбі ұсталатыныңды білгенмін! – деп ұлына ұрса жөнеліпті.

«ГЛАВНЫЙМЕН» КЕЛЕМІН

Кең залмен жүгірген Жапақ екінші қабаттың баспаладғымен төмен түсіп келе жатқан бастығын қағып кетіпті.

– Көзіңе неге қарап жүрмейсің, көксоққан?! – дейді ашуланған бастығы.

– Кешіріңіз, – депті сонда Жапқа езу тарта. – Мен «главныймен» келе жатырмын ғой...

«ОҢҒА БЕЛГІ БЕР ДЕ, СОЛҒА БҰРЫЛ»

Көкіш көршісінің машинасымен келе жатады. Екеуі деептеп «ұрттап» алса керек. Жол полициясы тоқтатып:

– Мотоциклім бұзылды. Тіркей кетіңіздерші? – деп өтінеді. Біраздан кейін тіркеп алғандарын ұмытқан ғой. Жүргізуші: «Ойбай, жол полициясы қуып келеді?!» деп шыр ете түседі.

– Саспа, – депті, қалғып-шұлғып отырған Көкіш: – Оңға белгі бар де, солға бұрылып кет!...

«СІРКЕ ӨСІП, БИТ БОЛМАЙ МА?...»

Қазақтың арасына сіңісіп кеткен басшы қызметтегі орыс жігіті Василийді көрген беделді ағамыз:

– Мына «итің» қайдан жүр? – депт қалжыңдап.

– Сірке өсіп бит болмай ма, күшік өсіп ит болмай ма, аға, – деген екен сонда орыс жігіті қазақшалап.

Тұрлыхан КӘРІМ

ТӘМСІЛ

ІСТІ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРА БЕРСЕ...

Профессор дәрісті бастамас бұрын, қолына су толы стақанды алды да, студенттерден:

– Мына стақанның салмағы қанша, кім біледі? – деп сұрады.

Студенттер өзара сыбырласа бастады.

– Шамамен екі жүз грамм.

– Үш жүз.

– Төрт жүз грамм.

– Шынымды айтсам, дұрыс жауапты өзім де білмеймін. Бірақ қазір бұл маңызды емес. Ендігі сұрақ мынадай: Қолымды созып, осы стақанды екі минут бойы ұстап тұрсам не болады?

– Ештеңе бола қоймас, – деп мән-жайды түсінбеген студенттер бір-біріне таңдана қарады.

– Шынында да ештеңе болмайды. Ал екі сағат ұстап тұра берсем ше?

– Қолыңыз талып қалады ғой.

– Ал күні бойы қолымнан тастамай көтеріп тұра берсем не болады?

– Қолыңыз жансызданып, сал боп қалуыңыз да мүмкін.

– Қалай ойлайсыңдар, күні бойы көтеріп тұрғаннан стақанның салмағы өзгере ме?

– Жоға, қайдан өзгерсін, – деп студенттер әлі түк түсінер емес.

– Біз бұл жағдайды қалай өзгерте аламыз?

– Жай ғана стақанда орнына қойсаңыз болды, – деді бір студент сенімді түрде.

– Дәл солай! – деп профессордың дауысы қаттырақ шығып кетті.

– Естеріңде болсын, өмірдегі кез келген қиындыққа осы стақан секілді қарау керек. Бір мәселені екі минут ойласаң, ол жадыңда тұрады. Екі сағат бойы соны ойлай берсең, жаныңды жегідей жеп жібереді. Ал күні бойы, бірнеше күн бір нәрсені ойлап бас қатыра берсең, құрдымға ұшырайсың.

Ұзақ ойлай бергеннен, мәселе шешілмейді, керісінше ұлғая береді. Бас қатыра бергенше, әрекет еткенде ғана нәтиже болады.

Мәселе бар ма, шешіңіз немесе оны ойыңыздан шығарыңыз. Күнделікті «істеуім керек еді» деп кейінге қалдырып жүрген шаруаларыңыз да осылай жиналып-жиналып басыңызды ауыртады. Сондықтан әр істі уақытылы жасап тастауды әдетке айналдырыңыз.

Материал massaget.kz сайтынан алынды.

ЕСКЕ АЛУ

Ақсу ауданы, Шолақөзек ауылының тумасы, асыл жар, аяулы әке, ардақты ата бола білген **Серік Адамовтың** дүниеден озғанына бір жол уақыт өтті. Үлкенге ізетті іні, кішіге қамқор аға бола білген абзал азаматтың халқына істеген қайырымды істері мен жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады. Ол халқына қалаулы, еліне елеулі болып, механизатор қызметін атқарып, сонымен бірге жеке қожалықта елеулі еңбек сіңірген азамат болды. Әкемізге деген сағынышымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Әке, артыңыздағы ұрпағыңыз сізді үнемі ұмытпай, еске алып отырамыз. Топырағы торқа, иманы жолдас, жаны жәннатта болсын!

Серіктің жұбайы мен артынан қалған ұрпақтары 10 шілде сағат 12:00-де Ақсу ауданы, Қосағаш ауылының қатымханасында бір жылдық асын береді. Өзектері сағыныштан өртенген ұрпақтары әкелерін қимастықпен еске алады.

Еске алушылар:
Жұбайы, артынан қалған ұрпақтары.

СӨЗ ЖОҚ

ОРТАЛЫҚ САЯБАҚ



Бетті дайындаған А. НҰРЖАПАР

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Сарби ӘЙТЕНОВА – редактордың орынбасары
Арайлым НҰРЖАПАР – тілші
Айнұр БЕКМОЛДИНА – тілші

Кезекші редактор: А. БЕКМОЛДИНА.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www.alatau.kz@mail. ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 2500
Тапсырыс № 671
Индекс 15534